

Қазақстан Республикасы Инвестиция және даму министрінің
« 4 » 04 2017 жылғы
№ 445 бұйрығымен
Бекітілді

АЛДЫН АЛА МАҚҰЛДАНДЫ
«Қазақстандық индустрия
дамыту институты» АҚ-ның
Директорлар Кеңесінің
шешімімен
«15» маусым 2017 жыл
(№ 07 хаттама)



«Қазақстандық индустрия дамыту институты» АҚ- ның қызметі туралы 2016 жылғы есеп

Астана - 2017 жыл

МАЗМҰНЫ

I.	Жалпы мәліметтер	3
1.1.	«ҚИДИ» АҚ толық атауы	3
1.2.	«ҚИДИ» АҚ заңды мекенжайы және орналасуы	3
1.3.	«ҚИДИ» АҚ-ның мемлекеттік тіркелімі және тіркеу нөмірі	3
1.4.	Бағалы қағаздар эмиссиясын тіркеу	3
1.5.	Жарғылық капитал	3
1.6.	«ҚИДИ» АҚ-ның мемлекеттік акциялар пакетінің иегерлері туралы ақпарат	3
1.7.	«ҚИДИ» АҚ-ның ұйымдастырушылық құрылымы	4
II	«ҚИДИ» АҚ-ы дамуының стратегиялық бағыттары	5
2.1.	Миссия, пайымдау, стратегиялық даму бағыты, мақсаты мен міндеттері	5
III.	«ҚИДИ» АҚ-ы қызметінің негізгі бағыттары бойынша қызмет нәтижелері	10
3.1.	Индустриалды саясатты қалыптастыруға жәрдемдесу	10
3.1.1.	Индустриялық-иновациялық қызмет саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру мен тиімді басқаруға жәрдемдесу	10
3.1.2.	Талдау жүйесінің қызмет істеуі мен индустриалды саясатты жетілдіруді қамтамасыз ету	12
3.2.	Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерінің еңбек өнімділігін арттыруға және аумақтық кластерлерді дамытуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын ұсынуға қатысу	22
3.2.1	Еңбек өнімділігін арттыруға және аумақтық кластерлерді дамытуға бағытталған индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну қағидалары шеңберінде бизнесті құралдармен қамтуды ұлғайту.	22
3.3.	Ішкі құзыретін жақсарту және сапалы жұмыстар мен қызметтер көрсету арқылы «ҚИДИ» АҚ тиімділігін тұрақты арттыру	25
3.3.1.	Сараптамалық құзыреттерді тұрақты ұлғайту	25
3.3.2.	Серіктестіктер желісін кеңейту	30
3.3.3.	Статистикалық деректерді жинақтау, сақтау және өңдеу бойынша ақпараттық-аналитикалық жүйе құру	33
3.3.4.	«ҚИДИ» АҚ имиджі мен танымалдылығын арттыру	35
IV.	Қаржы-шаруашылық қызметін талдау	37
4.1.	2016 жылғы қаржы көрсеткіштері	37
4.2.	«ҚИДИ» АҚ қызметінің негізгі түрлері бойынша жасалған шарттар бойынша ақпарат	39
4.3.	2016 жылғы бөлінген пайда және «ҚИДИ» АҚ акцияларының мемлекеттік пакетіне дивидендтер төлеу бойынша ақпарат	39
	Қосымша. 2016 жыл ішіндегі стратегиялық бағыттар дамуының көрсеткіштерін орындау	

I. Жалпы мәліметтер

1.1. «ҚИДИ» АҚ-ның толық атауы

мемлекеттік тілде «Қазақстандық индустрия дамыту институты» акционерлік қоғамы;

орыс тілінде: Акционерное общество «Казахстанский институт развития индустрии»;

ағылшын тілінде: «Kazakhstan Industry Development Institute» Joint Stock Company.

Қысқартылған атауы: мемлекеттік тілде: «ҚИДИ» АҚ; орыс тілінде: АО «КИРИ»; ағылшын тілінде: «KIDI» JSC.

1.2. «ҚИДИ» АҚ заңды мекенжайы және орналасуы

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Сығанақ к-сі 25.

1.3. «ҚИДИ» АҚ-ның мемлекеттік тіркелімі және тіркеу нөмірі

«ҚИДИ» АҚ-ы Астана қаласының Әділет департаментімен тіркелді. Заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелімі туралы анықтама 2015 жылғы 15 желтоқсан.

1.4. Бағалы қағаздар эмиссиясын тіркеу

Бағалы қағаздар шығару күні 2010 жылғы 19 маусым, бағалы қағаздар эмиссиясылық бағалы қағаздар мемлекеттік тіркеліміне № А5814 енгізілді.

2013 жылғы 20 наурызда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті №5814 бағалы қағаздар шығарылымының мемлекеттік тіркеу туралы куәлігін алмастырды. «ҚИДИ» АҚ-ның заңды мекенжайының өзгеруіне байланысты куәлік алмастырылды.

1.5. Жарғылық капитал

Жарғылық капиталдың көлемі: 100 млн. теңге, қарапайым акциялар. Акциялардың жалпы көлемі: 100 000 дана. Ұлттық сәйкестендірме нөмірі RZ1C58140019.


1.6. «ҚИДИ» АҚ-ның мемлекеттік акциялар пакетінің иегерлері туралы ақпарат

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі (бұдан әрі – ҚР ИДМ), заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгендігі туралы анықтамасы 2014 жылғы 07 қазандағы БСН 141040005090 Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 47, «Транспорт Тауэр» ғимараты.

1.7. «ҚИДИ» АҚ-ның ұйымдастырушылық құрылымы

2016 жылғы 27 ақпандағы «ҚИДИ» АҚ-ның директор Кеңесінің шешімімен (№02 хаттама) «ҚИДИ» АҚ-ның жаңа ұйымдастырушылық құрылымы бекітілді (төменде көрсетілген).

1.7. «ҚИДИ» АҚ-ның ұйымдастырушылық құрылымы
2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша



2016.11.1 Шабдар Гүл

II. «ҚИДИ» АҚ-ы дамуының стратегиялық бағыттары

2.1. Миссия, пайымдау, стратегиялық даму бағыты, мақсаты мен міндеттері

Қойылған стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге жетуге ықпал жасайтын «ҚИДИ» АҚ-ның миссиясын, пайымдауын және стратегиялық бағыттарын анықтайтын «ҚИДИ» АҚ-ның 2014 жылғы 22 желтоқсандағы өзгертулерді ескергендегі Директорлар Кеңесімен бекітілген (хаттама №22) 2016 жылғы 22 желтоқсандағы (№09 хаттама) 2015-2019 жж. «ҚИДИ» АҚ-ның стратегиялық даму бағыттары .

«ҚИДИ» АҚ-ның миссиясы

Қазақстанның индустрияландыру саясатының сәттілігін қамтамасыз етуді жәрдемдесу «ҚИДИ» АҚ-ның миссиясы болып табылады.

«ҚИДИ» АҚ-ның пайымдауы

2019 жылға қарай «ҚИДИ» АҚ-ның пайымдауы , салалар мен өнеркәсіптің жеке кәсіпорындарының бәсекеге қабылеттігіне жәрдемдесетін, индустрияландыру үдерістерінің тиімділігін арттыратын Қазақстандағы стратегиялық консалтингтік негізгі институт.

№1 стратегиялық даму – индустриалды саясатты қалыптастыруға жәрдемдесу

1 міндет: *индустриялық-инновациялық қызмет саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды тиімді басқару мен жүзеге асыруда жәрдемдесу.*

2015-2019 жж Қазақстан Республикасы индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – ИИДМБ) индустриялық-инновациялық дамудың тұрақты мониторингі мен талдауын қамтамасыз ету бойынша, ағымдағы тенденциялар мен күрделі мәселелерді уақытында анықтайтын, оларды шешу жолдарын анықтайтын, сондай-ақ өңірлердің индустриялық-инновациялық саясатын жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді. Сонымен ұатар, Қазақстан Республикасы өнеркәсіптік даму комиссиясына (бұдан әрі – Комиссия) айтарлықтай маңызды рөл беріледі.

Комиссия – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі басқаратын сабағаттық-кеңесші орган. Комиссияның негізгі міндеттері ИИДМБ жүзеге асырылуына талдау жүргізу, жүйелік сипаттағы күрделі мәселелерді анықтау және оларды шешу бойынша ұсыныстарды әзірлеу, мемлекеттің өнеркәсіптік даму саласындағы ұсыныстар енгізу.

«ҚИДИ» АҚ-ы негізінде индустриалды саясат саласында құзыреттілік орталығын қалыптастыру жалғасады. оның қызметінің негізгі бағыты ИИДМБ басқару, Комиссия аналитикалық және сарапшылық қызметін қамтамасыз ету бойынша қызметтер жатады.

Осылайша сұраным болған жағдайда «ҚИДИ» АҚ –ы келесі қызметтерді сапалы түрде орындауды қамтамасыз ету қажет:

1) Индустриялық-инновациялық қызметтің мемлекеттік қолдау мәселелері бойынша әрекеттегі нормативтік базаны жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу, атап айтқанда ИИДМБ-да көрсетілген әдістерге сәйкестендіру бөлігіне қатысты;

2) Комиссия ИИДМБ мәселелері бойынша соның ішінде ИИДМБ жүзеге асыру және мониторинг кезінде туындайтын ведомство аралық күрделі мәселелер бойынша аналитикалық материалдарды қалыптастыру арқылы информациялық-аналитикалық қолдау көрсетеді.

Комиссияның ұйымдастырушылық қолдауы: отырыстар кестесін, отырыстарға күнтізбе жобаларын, хаттама жобаларын қалыптастыру бойынша ұсыныстар дайындауға қатысу жолымен жүргізіледі.

3) ИИДМБ жүзеге асырылу барысын ақпараттандыруды сәкесінші іс-шаралар жүргізу арқылы аналитикалық материалдармен және БАҚ-мен жұмысты қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды ұйымдастыру.

2-міндет: *индустриалды саясат жүйесінің қызметіне талдау жүргізу және жетілдіруді қамтамасыз ету.*

Сұраным болған жағдайда «ҚИДИ» АҚ –ы келесі қызметтерді сапалы түрде орындауды қамтамасыз ету қажет:

1) Нормативтік-құқықтық актілерге (бұдан әрі - НҚА) өзгертулер мен қосымшалар енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу: Қазақстандағы өнеркәсіптік саясат бойынша бекітілген НҚА жинау, нормативтік базаны жетілдіру үшін мүмкіндіктерге талдау жүргізу, олардың ішіндегі іс-шаралардың қайталанбауын тексеру, өнеркәсіптік саясатты жетілдіру мақсатында әрекеттегі НҚА жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірдеу;

2) Бәсекеге қабылеттілікті арттыру және өнеркәсіп кәсіпорындарының және экономиканың басқа секторларындағы инвестициялық тартымдылығын арттыру бойынша кезеңдік есептерді, дайджестерді, баяндамаларды, анықтамаларды және презентациялық материалдарды әзірлеу.

3) Салалар мен өңірлер қимасындағы индустриалды үдерістердің талдауын жүргізу;

4) Басымды тауарлар мен қызметтердің бірыңғай картасын өзектендіру және әзірлеу, басымды тауарлар/тауарлық топтар және әлеуетті инвесторларға арналған қызметтер бойынша паспорттар әзірлеу, көпшілікке қолжетімді тәртіпте жұмыстарды көру, яғни өңірлер мен секторлар қимасындағы тауарлар мен қызметтер, паспорттар, жарияланымдар тізімі;

5) Интеграциялық ұйымдар шеңберінде өңірлік экономикалық интеграция мәселесі бойынша зерттеу жұмысын жүргізу: Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – ЭЕО), Дүниежүзілік сауда ұйымы (бұдан әрі – ДСҰ), соның ішінде ЭЕО тиімділігінің экономикалық бағалау жүргізу, заңнаманы үйлестіру мәселелері, «еуразиялық ТҰК» және т.б. қалыптастыру;

6) Мемлекеттік органдар, ұлттық компаниялар, халықаралық ұйымдар және жеке сектордың индустрияладыру мәселелері бойынша сұранымдары бойынша сараптама қорытындыларын беру;

7) Ағымдағы экономикалық жағдайды талқылауға бағытталған және ұсыныстарды әзірлеуге және экономиканы және өңдеу секторын ынталандыру бойынша ұсыныстар. «ҚИДИ» АҚ Қазақстан Республикасындағы жетекші сараптама-кеңестік институт ретінде аналитикалық материалдарды жайғастырудағы тәсілдер өзгертілетін болады. Келешекте, аналитикалық есептер қорын және зерттеулерін коммерциялық пайдалану «ҚИДИ» АҚ-ның маңызды кіріс баптарының бірі болуы керек.

№2 стратегиялық бағыт – индустриялық-инновациялық субъектілердің еңбек өнімділігі арттыруға және аумақтық кластерлерді дамытуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын беруге қатысу.

1-міндет: *индустриялық-инновациялық субъектілердің еңбек өнімділігі арттыруға және аумақтық кластерлерді дамытуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын беру Ережелері шеңберінде бизнес ауқымын құралдарен арттыру.*

ИИДМБ шеңберінде кәсіпкерлікті дамыту бойынша маңызды «Өнімділік 2020» бағдарламасының құралдарының бірі болуы керек. Бірінші бес жылдықтағы «Өнімділік 2020» бағдарламасын жүзеге асыру талдауы оның бизнеске тиімділігі мен тартымдылығының келесі қорларын көрсетті:

- Еңбек өнімділігі мен кәсіпорындардың жалпы бәсекеге қабылеттігін арттыруға бағытталған талап етілген құралдардың санын көбейту;
- Процедураларды толғымен жеңілдеті және өтініш берушілерге қатысты талаптарды бірыңғайландыру;
- Бағдарламаны жүзеге асырудың ақпараттық-кеңестік қолдауды күшейту.

Мұнай өнеркәсібіне арналған сервистік қызмет және оған байланысты машина жасау саласындағы мұнай мен газды өндіру мен өңдеу бойынша бір ұлттық кластері мен алты пилотты аумақтық кластерлердің дамуы мен тепе-тең қолдауына шоғырланатындығы белгіленгендігі көрсетілгендей ИИДМБ Қазақстан Республикасындағы кластерлік дамуды ынталандыру бойынша жаңа әдістерді анықтады. «ҚИДИ» АҚ-ы Дүниежүзілік Банкпен бірлесе аумақтық кластерлерді дамыту саясатын әзірлеу мен жүзеге асыру кезінде ақпараттық-методолгтиялық қолдауды, аумақтық кластерлердің байқаулық іріктеу үдерісін ұйымдастыру мен жүзеге асыруға, үйлестіруді, сондай-ақ аумақтық кластерлерді дамыту бойынша жұмыс жоспарларын жүзеге асыру мен кластерлік даму бойынша бастамаларды бағалап мониторинг жүргізеді.

№3 стратегиялық даму – «ҚИДИ» АҚ-ның тиімділігін ішкі құзыреттіліктерді жақсарту және сапалы жұмыс пен қызметтер арқылы тұрақты арттыру.

1 міндет: сарапшылық құзыреттіктерді тұрақты дамыту.

Сарапшылық құзыреттілік үдерісінің өсімін қамтамасыз ету үшін бес бағыт бойынша іс-шаралар жүргізу ойластырылған:

- Сапалы сараптама-кеңестік қызметтер жүргізу үшін персонлады қажетті машықтар мен әдістерді үйрету бойынша қызметкерлерде сарапшылық құзыреттілікті арыттруды ынталандыру;
- Индустриялық мәселеге қатысты жоғары дәрежелі халықаралық іс-шараларға қатысу және осында іс-шараларды Қазақстан Республикасында халықаралық деңгейдегі сарапшыларды тарту арқылы ұйымдастыру;
- Аналитикалық зерттеулерді орындау мақсатында қосалқы мердігерлікке тартылатын жоғары дәрежелі халықаралық серіктес-сарапшылардан тәжірибе алу жүйесін енгізу;
- «ҚИДИ» АҚ-ы қызметкерлері арасында ақпарат пен машықтарды алмасу жүйесін енгізу;
- Зерттеу сапасын сырттан адекватты баға алу мақсатында аналитикалық және зерттеу жұмыстарын жариялауды соның ішінде шетелдік басылымдарда жариялау тәжірибесін кеңейту.

2-міндет: серіктестік желісін кеңейту

Аталған міндет бойынша келесі бағыттарда іс-шаралар жүргізу қарастырылған:

- «ҚИДИ» АҚ-ы ұйымдастыратын іс-шараларға қатысуға және бірлескен жұмыстар жасауға сарапшы-жеке тұлғаларды тарту үшін олардың дерекқорын қалыптастыру;
- Салалық консалтингтік және сарапшылық ұйымдардың, соның ішінде шетелдік және халықаралық ұйымдардың қорын қалыптастыру және олармен серіктестік туралы меморандумдарға қол қою және бірлескен жұмыс жасауға тарту;

Әлеуетті серіктестер, сондай-ақ клиенттеді, консалтинг қызметінің тұтынушыларын (өңірлік секторды қосқанда), қазақстандық жетекші сарапшы ұйым ретінде «ҚИДИ» АҚ-ның имиджін жылжыту тұрақты іздеу жүйесін енгізу.

Сондай-ақ жеке сектордан жаңа сұранымдарды жүзеге асыруға және тартуға қатысатын қызметкерлерді ынталандыру және марапаттау жүйесі әзірленген.

Жалпы, индустрияландыру үдерісіне тартуға байланысты сарапшылық қоғаммен конструктивті қатынастарды орнату бойынша шаралар орындалып жатыр. Индустриалды саясатты жетілдірудің маңызды мәселелерін талқылауға арналған диалогты алаң болып табылатын тұрақты түрде конференциялар, дөңгелек столдар және өзге іс-шаралар жүргізіледі.

3-міндет: статистикалық деректерді жинақтау, сақтау және өңдеу бойынша ақпараттық-аналитикалық жүйені құру.

Бұл мақсаттар үшін «ҚИДИ» АҚ-ы Қазақстан Республикасында өнеркәсіпті дамыту бойынша «ҚИДИ» АҚ-ның есебінен автоматтандырылған жүйелер және ақпараттық технологиялар саласындағы заманауи шешімдер арқылы статистикалық деректерді жинақтайтын, өңдейтін және талдайтын құралды шығарды.

Аталған құрал әртүрлі көздерден статистикалық деректерді жинақтауға, өңдеуге және біріктіруге, сұранымдар бойынша жедел түрде есептер қалыптастыруға, өнеркәсіп дамуына талдау жүргізуге – есептік кезең бойынша регламенттелген аналитикалық кестелер құрастыруға, үлгі бойынша аналитикалық шолулар қалыптастыруға, қысқа түрде ұсынылған статистикалық деректері бар, есептемелермен және компания жетекшілеріне инфографика элементтерін және басқаларын Dashboard түріндегі жиынтық есептемені жібруге мүмкіндік береді.

Ақпараттық платформа құру үшін келесі іс-шаралар жүргізіледі:

- Көрсеткіштер тізімін және есептемелерін түрін анықтау;
- Деректерді жолдаудың бірыңғай стандартын қалыптастыруды қамтамасыз ету үшін кіріс (құрылымдық) нысандарды әзірлеу;
- Деректерді жолдаудың жүйелігін қамтамасыз ету үшін ішкі (құрылымдық) нысандарды әзірлеу;
- Қазақстандық және халықаралық статистикалық және ақпараттық-аналитикалық агенттіктермен серіктестікті қалыптастыру.
- **4-міндет:** «ҚИДИ» АҚ-ның имиджі мен танымалдығын арттыру.
- Бұл міндет келесі іс-шараларды қамтиды:
- «ҚИДИ» АҚ-ның ребрендингін жүргізу, жаңа брендбукті қалыптастыру;
- Кешенді PR стратегияны және «ҚИДИ» АҚ-ның Медиа-жоспарын әзірлеу;
- Сайттың танымалдығын және сайтқа кіру деңгейін арттыру (сайттың контенті одан әрі динамикалық және қызықты болу үшін сайтты толтыру мен қолдауға көп көңіл бөлу);
- «ҚИДИ» АҚ-ның қызметінің негізгі бағыттарын, жұмыс қорытындысын индустриялану тақырыбы бойынша соның ішінде өңірлік форматтағы жүргізілетін конференциялар, дөңгелек столдар, және басқа іс-шаралар шеңберіндегі алдағы болатын даму жоспарлары түсіндіру;
- «ҚИДИ» АҚ-ның танымалдығын әлеуметтік желілер арқылы және «ҚИДИ» АҚ-ның қызметіне байланысты қызметкерлердің түрлі телевизиялық эфирлерге (интервью/сюжеттер) қатысуы арқылы жылжыту.
- Компанияның корпоративті сайтында «ҚИДИ» АҚ-ы жүргізетін аналитикалық зерттеулерді жариялау, толық үлгіге қолжетімді болатын біртіндеп коммерциялануға шығу;

2016 жыл ішіндегі Стратегиялық даму бағыттарының көрсеткіштерін орындау «ҚИДИ» АҚ-ның 2016 жылғы қызметі туралы есептің Қосымшасында көрсетілген.

III. Негізгі бағыттар бойынша қызмет нәтижелері

3.1 Индустриалды саясатты қалыптастыруға жәрдемдесу

3.1.1 Индустриялық-инооациялық қызмет саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру мен тиімді басқаруға жәрдемдесу

«Индустриялық-инооациялық қызмет саласындағы мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру мен тиімді басқаруға жәрдемдесу» 1-стратегиялық міндетті жүзеге асыру шеңберінде «Индустриалды саясатты қалыптастыруға жәрдемдесу» 1-стратегиялық бағыттың мониторинг, тадау, болжалдау және ИИДМБ жүзеге асыру барысын бақылау бөлігіндегі ИИДМБ басқару саласындағы қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету бойынша, сондай-ақ өңірлердің индустриялық-инооациялық дамудың талдауын және мониторингі бойынша жұмыстар жүргізілді.

Сондай-ақ «ҚИДИ» АҚ-ы 2016 жылы ИИДМБ өзектендіру бойынша жұмыстар жүргізілді, 2014 жылғы 1тамыздағы Қазақстан Республикасы Президентінің №874 «2015-2019 жж. Қазақстан Республикасы индустриялық-инооациялық мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Жарғысына өзгертулер енгізу және 2010 жылғы 19 неаурыздағы Қазақстан Республикасы Президентінің №957 «Мемлекеттік бағдарламалар тізімін бекіту туралы» Жарғысына толықтырулар енгізу бөлігіндегі, сондай-ақ ИИДМБ жаңа редакциясын, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың («Атамекен» ҰКП, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚы, «Самрұқ-Қазына» ҰЭҚ» АҚ-ы, даму институттары және т.б.) толықтырулары мен келісуін қосғандағы қолдау, және 2016 жылғы 21 маусымдағы ҚР Үкіметінің отырысына осы мәселені қарастыруға енгізу қамтасыз етілді.

Жүргізілген жұмыс қорытындысы бойынша 2016 жылғы 6 қыркүйектегі ҚР Президентінің №315 «2014 жылғы Қазақстан Республикасы Президенті «2015-2019 жж. Қазақстан Республикасы индустриялық-инооациялық мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» №874 Жарғысына өзгертулер енгізу туралы» өзектендірілген ИИДМБ бекітілді.

Сондай-ақ «ҚИДИ» АҚ-ы 2015-2019 жж. ИИДМБ жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар Жоспарын әзірлеуді қолдауды қамтамасыз етті, оған мемлекеттік органдар мен ұйымдардың («Атамекен» ҰКП, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ, «Самрұқ-Қазына» ҰЭҚ» АҚ-ы, даму институттары және т.б.) толықтырулары мен келісуін қоса алғанда.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде 2014 жылғы 30 қазандағы «2015-2019 жж. Қазақстан Республикасын индустриялық-инооациялық дамыту бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар Жоспарын бекіту туралы»

№1159 Қаулысының өзгертулері 2016 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы №854 Қаулысымен бекітілді.

Осыған байланысты, «ҚИДИ» АҚ-ы өзгеру себептеріне мониторинг, динамика, сондай-ақ ИИДМБ нысанды көрсеткіштеріне жетудің болжалды бағасы және оны жүзеге асыру бойынша іс-шаралар Жоспары нәтижелерінің көрсеткішін 2016 жылғы 6 және 10 ай қорытындылары бойынша (өндеу өнеркәсібіндегі 14 басымды салалар бойынша және 16 өңірлер бойынша жалпы нысанды көрсеткіштерге) талдау жүргізді.

ИИДМБ жүзеге асырудың нақты міндеттерін қатысушыларға бекіту мақсатында оның мақсаттарына қолжеткізудегі оның салымын анықтау бойынша 14 басымды секторлар және ҚР 16 өңірлері қимасында еңбек өнімділігінің өсімі, өңделген экспорт және негізгі капиталға инвестициялар құюға ИИДМБ нысанды көрсеткіштерін декомпозициялау бойынша тәсіл әзірленді. Қарқынды индустриалды даму жөніндегі ҚР Үйлестіру кеңесі (бұдан әрі – Үйлестіруші кеңес) 2016 жылғы 29 желтоқсанда ҚР есеп бойынша қалыптасқан декомпозиция қорытындыларын мақұлдады.

Өзектендірілген ИИДМБ мен сәкестендіру бөлігінде мемлекеттік органда, ұлттық басқарушы холдингтер, даму институттары көрсететін соның ішінде ИИДМБ-ның басымды секторларындағы өндеу өнеркәсібіндегі мемлекеттік қолдау саласындағы нормативтік актілерге және өзге реттейтін құжаттарғы өзгертулер енгізу бойынша ұсыныстар әзірленді.

Мониторинг кезінде анықталған күрделі мәселелер талдауының қорытындылары бойынша ҚР ИИДМ-не ай сайынғы жинақтау ақпаратты бағыттаумен қоса, және оларға қол жеткізуге мүмкіндік беретін 400-ден астам іс-шараларды қосатын ИИДМБ-ның 89 басымды міндеттерін жүзеге асыру бойынша мемлекеттік органдардың Жол карталарын орындау туралы есептерді тұрақты жинақтау және талдау қамтамасыз етілді.

Салыстырмалы талдау және индустриалды-инновациялық дамудың көрсеткіштері динамикасы себептерінің нәтижелері 2015 жылғы, 2016 жылғы 6 және 9 ай ішіндегі ҚР өңірлер дамуының динамикасының рейтингтік бағасы өңірлер қимасында ИИДМБ мониторингі нәтижелері туралы анықтамаларда көрсетілген.

2010 жылдан 2015 жылдар арасында жүзеге асырылған, сондай-ақ 2016 жылдан 2020 жылға кезеңдерінде жоспарланып, жүзеге асырылатын, сонымен қатар құрылыс пен пайдалану кезінде жұмыс орны, саны және бағасы көрсетілген 2936 индустриялық-инновациялық жобалар көрсетілген ҚР 16 өңірлер (Астана, Алматы қалалары және ҚР 14 облыстары) карталары әзірленді.

«ҚИДИ» АҚ-ның комиссиясы мен үйлестіруші кеңесі қызметін ұйымдастырушылық және ақпараттық-аналитикалық қолдау шеңберінде индустрияны дамыту саласындағы ұлттық даму институты ретінде Комиссияның ақпараттық-аналитикалық қолдауы қамтамасыз етілді.



Барлығы 2016 жылы Комиссияның екі отырысы өтіп онда үш мәселе қарастырылды:

- 1) 2016 жылғы 17 мамырдағы (№17-5/07-482 хаттама)
 - «ИИДМБ өзектендірудің негізгі тәсілдері туралы»;
 - «Индустрияландыру картасын өзектендіру туралы».
- 2) 2016 жылғы 29 қыркүйектегі (№17-17/И-434 хаттама)
 - «Индустрияландыру картасын өзектендіру мәселелері және өңірлік жобаларды іріктеу мен мониторинг тәсілдері туралы».

Сондай-ақ «ҚИДИ» АҚ-ы Үйлестіру кеңесінің отырысын өткізді, онда «Басымды секторлар мен өңірлер қимасын жағы ИИДМБ индикаторларының маңызды нысандарының декомпозициясы туралы» (2016 жылғы 29 желтоқсандағы №03-28/38 хаттама).

3.1.2. Талдау жүйесінің қызмет істеуі мен индустриалды саясатты жетілдіруді қамтамасыз ету

«Талдау жүйесінің қызметін және индустриалды саясатты жетілдіруді қамтамасыз ету» №2-стратегиялық міндеттің «Индустриалды саясатты қалыптастыруға жәрдемдесу» №1 стратегиялық бағытты жүзеге асыру шеңберінде «ҚИДИ» АҚ-ы келесі жұмыстарды жүзеге асырды:

1) келесі нормативтік актілерге өзгертулер мен толықтырулар енгізу бойынша ұсыныстар әзірлеу:

1.1) 2012-2015-2019 жж. индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасын беткіту туралы» №874 Жарлығына және 2010 жылғы 19 наурыздағы ҚР Президентінің «Мемлекеттік бағдарламалар тізімін бекіту туралы» №957 Жарлығына ;

Жүргізілген жұмыстар нәтижелері бойынша 2016 жылғы 6 қыркүйектегі ҚР Президентінің «2014 жылғы 1 тамыздағы ҚР Президентінің «2015-2019 жж. Қазақстан Республикасы индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» және 2010 жылғы 19 наурыздағы ҚР Президентінің «Мемлекеттік бағдарламалар тізімін бекіту туралы» №957 Жарлығына.

Жүргізілген жұмыс нәтижелері бойынша 2016 жылғы 6 қыркүйектегі «2014 жылғы 1 тамыздағы ҚР Президентінің «2015-2019 жж. ҚР индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасына бекіту туралы» №874 Жарлығына өзгертулер енгізу туралы өзектендірілген ИИДМБ бекітілді.

1.2) 2015-2019 жж. ИИДМБ жүзеге асыру бойынша іс-шаралар Жоспарына. Жүргізілген жұмыстар нәтижелері бойынша 2016 жылғы 26 желтоқсандағы ҚР Үкіметінің №854 Қаулысымен 2014 жылғы 30 қазандағы ҚР Үкіметінің «2015-2019 жж. Қазақстан Республикасы индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар Жоспарын бекіту туралы» №1159 Қаулысына өзгертулер бекітілді;

1.3) «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау және дамытудың бірыңғай бағдарламасына.

«Өнімділік 2020» бағыты бойынша қолдау шараларын ұсыну шеңберінде, қолдау құралдар қатарын кеңейту, еңбек өнімділігі арттыру үшін және өнімділік тиімділігі үшін индустриялық-инновациялық кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің қажеттіліктерін талдау негізінде жоғарылату тарапына тарихи мерзімді өтеу және сәйкесінше өтеу көлемін қайта қарастыру қажеттігі анықталды. Осыған орай «ҚИДИ» АҚ-ы келесі нормативтік актілердің жобаларына ұсыныстар әзірленді:

- «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау және дамытудың бірыңғай бағдарламасына толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы ҚР Үкіметінің қаулысы (бұдан әрі – Қаулы);

- Еңбек өнімділігін арттыруға және аумақтық кластерлерді дамытуға бағытталған индустриялық-инновациялық қызмет субъектілеріне мемлекеттік қолдау беру Ережелеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы ҚР ИДМ бұйрығы.

«ҚИДИ» АҚ-ның ұсыныстары ҚР ҰЭМ-мен әзірленетін «Бизнестің жол картасы 2020» бизнесті қолдау және дамыту бірыңғай бағдарламасы Қаулысының мазмұнының қосу туралы ҚР ұлттық экономика министрлігі (бұдан әрі – ҚР ҰЭМ) 2016 жылғы 12 желтоқсандағы ҚР ҰЭМ №03-25/9312 хатымен жолданды;

1.4) ҚР ИДМ –нің жер қойнауын пайдалану департаментінің және ҚР энергетика министрлігінің біріккен бұйрығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы 2015 жылғы 31 наурыздағы ҚР ИДМ «Жер қойнауын пайдаланумен байланысты индустриялық-инновациялық қызмет (технологиялық үдеріс) субъектілерінің өндірістік қызметін (технологиялық үдерісін) қабылдау Еределерін бекіту туралы» №380 бұйрығы.

Жүргізілген жұмыстар қорытындысы бойынша ҚР ИДМ 2016 жылғы 08 ақпанда №167 бұйрыққа қол қойылып, 2016 жылғы 15 наурыздағы ҚР Әділет министрлігінде (бұдан әрі – ҚР ӘМ) тіркелді.

1.5) ҚР ИДМ 2015 жылғы 18 желтоқсандағы «Аумақтық кластерлерді байқаулық іріктеу Ережелерін бекіту туралы» №1212 бұйрығына толықтырулар мен өзгертулер енгізу туралы ҚР ИДМ бұйрығына.

Жүргізілген жұмыс қорытындысы бойынша ҚР ИДМ 2016 жылғы 23 желтоқсанда №873 бұйрыққа қол қойылып, 2017 жылғы 01 наурызда ҚР ӘМ-де тіркелді.

1.6) ҚР Үкіметінің «Қазақстан Республикасы аумағының ұйымдастырушылық басты сұлбаның негізгі ережелері» Қаулысына, ұсыныстар ҚР ИДМ индустриалды даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетіне 2016 жылғы 2 тамыздағы «ҚИДИ» АҚ шығыс №06/564 хатымен жолданды.

1.7) «Сандық Қазақстан 2020» Мемлекеттік бағдарламасына, ҚР ИДМ-не «ҚИДИ» АҚ-ның 2016 жылғы 22 сәуірдегі №13/294 хатымен ұсыныстар жолданды.

1.8) «Мемлекеттік сатып алулар туралы» ҚР заңына ҚР Қаржы министрлігіне «ҚИДИ» АҚ-ның 2016 жылғы 21 желтоқсандағы №08/1053 хатымен ұсыныстар жолданды.

Сондай-ақ «ҚИДИ» АҚ-ы ҚР ИДМ жұмыс тәртібінде нормативтік актілердің келесі жобаларына ұсыныстар мен ескертулер берілді:

- «Нұрлы Жер» тұрғын үй бағдарламасы»
- «2017-2021 жж. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін дамыту мемлекеттік бағдарламасы»;

2) өнеркәсіп және экономиканың басқа секторларындағы кәсіпорындарды бәсекеге қабылеттігін және инвестициялық тартымдылығын арттыру бойынша кезеңдік есептерді, дайджесттерді, анықтамаларды және презентациялық материалдарды дайындау

«ҚИДИ» АҚ-ның сайтында өнеркәсіп салалары бойынша 72 дайджест орнатылған, олардың 12 дайджесті ИИДМБ бойынша, 8 дайджест интеграциялық үдерістер бойынша, инфографика мен металдар бағаларының котировкасы түріндегі 80-ге жуық месседждер орналастырылған.

Сондай-ақ «ҚИДИ» АҚ-ы ИИДМБ өзектендіру және жүзеге асыру мәселелері бойынша ақпараттық-аналитикалық және презентациялық материалдар, анықтамалық ақпарат, баяндамалар, презентациялар, 2025 жылға дейін ҚР Стратегиялық даму жобасындағы экономиканың диверсификациясы мәселелері бөлігіне ұсыныстар, облыстардың Астана және Алматы қалаларының индустриялық-инновациялық даму көрсеткіштерінің сондай-ақ олардың индустриялық-инновациялық дамуының жинақтық және салыстырмалы талдауы.

Өңдеу өнеркәсібінің келесі салары бойынша ақпараттық-аналитикалық және презентациялық материалдар әзірленді:

Тау-кен металлургия кешені (ТКМК), құрылыс материалдарын өндіру, химия, жеңіл және фармацевтикалық өнеркәсіп. Осылайша өңдеу өнеркәсібі салаларының ағымдағы жағдайы бойынша анықтамалық материалдар; жаһандық тенденциялар бойынша әлеуетті тауарлар және экспорт нарығы туралы және олардың ҚР салаларына ықпалы, сондай-ақ осы салалардың ұзақ мерзімді даму пайымдауы бойынша презентациялар; Кореядан Қазақстанға импортталатын және Қазақстаннан Кореяға импортталатын тауарлар бойынша анықтамалар, 2020 жылға дейінгі инвестициялық жобалардың тізімі; Иранмен серіктестік шеңберінде бірлескен жобалар және жаңа мүмкіндіктер бойынша мемлекет арасындағы сауда қатынасының ағымдағы жағдайы туралы ақпарат; нарықта талап етілетін минералы шикізат түрі және кәсіпорындар бойынша; автомобиль жасау нарығының

жағдайы бойынша; сондай-ақ көрсетілген әр сала бойынша баянадамалар мен презентациялар қатары.

Бұдан басқа, 2014-2018 жж. сала дамуының Кешенді жоспарын орындау шеңберінде ақпарат ұсынылды, сондай-ақ технологиялық үдерісте қатысатын «АрселорМиттал Теміртау» АҚ-ы, «Қазцинк» ЖШС-і, «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС импортталатын тауарлар көлемін талдау және ҚР-да 3-D принтерлерге арналған метал ұнатақтар өндіру мүмкіндігінің талдауы жүргізілді; Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (бұдан әрі – ЭЫДҰ) болат Комитетінің 81-отырысына материалдар дайындау шеңберінде кара металлургия мен темір рудаларын өндіру отандық секторлық шолу таладуы жүргізілді.

Автокөлік өндірушілеріне көрсетілген машинажасау бойынша мемлекеттік қолдау шаралары бойынша ақпарат ұсынылды; 2015-2019 жж. жеңіл өнеркәсіпті дамыту бойынша Кешенді жоспардың тармақтарын орындау шеңберінде жеңіл өнеркәсіп бойынша ақпарат ұсынылды; глифосаттың әлемдік нарығы туралы химия өнеркәсібі бойынша ақпарат ұсынылды; ағаш өңдеу және жиһаз өнеркәсібін және т.б. дамытудың кешенді жоспары жобасы бойынша ұсыныстар әзірленді.

Сондай-ақ «ҚИДИ» АҚ-ы интеграционалды үдерістер шеңберінде Сингапур мен ЕЭО арасында Еркін сауда аймағы (бұдан әрі – ЕСА) құрудың мақсаттылығы; Қазақстан мен Вьетнам промкооперациясының тізімі; Қазақстанның ҚХР және Сербиямен тауар айналымы шеңберінде алынып тасталынатын тауарлар/тауарлар тобы тізімі; салық және кеден дауларын сотқа дейінгі реттеу, сондай-ақ кедендік рәсімдеу аймақтар желілерін құру, бәсекелестік мүмкіндіктер әлеуетін ескергендегі Қазақстан өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарының экспортқа кіруі.

2016 жыл ішінде ДСҰ шешімімен сәйкес ЭЕО нарығына бажсыз және үлессіз қолжетімділікті орнату күтілетін ең нашар дамыған мемлекеттерден преференционалды тауарлар тізімін қалыптастыруға қатысу (талолдау жүргізу, бейнеконференцияларға қатысу).

Өнеркәсіптік саясат бойынша мәселелерді зерттеу шеңберінде: көлік, телекоммуникация және энергетика салаларындағы құрылым бойынша аналитикалық ақпарат және Қазақстанның еңбек нарығы бойынша инфрақұрылымдық мәселелерді анықтау; Ресей Федерациясы мен Қазақстан арасындағы тауар айналымы кедергілері ббойынша анықтамалық материалдар; «Қазақстан Республикасындағы өнеркәсіптік саясат тарихы» тақырыбы бойынша және Қазақстанның өнеркәсібіне интеграциялы үдерістердің ықпалына қатысты Қазақстанда контрциклді экономикалық саясат жобасына презентация.

Бұдан басқа, ЭЫДҰ болат Комитетіне сұранымдар жасауға жәрдемдесу жүргізілді; сараптама қорытындылары берілді: ҚР білім және ғылым министрлігінің сараптамалық комиссиясының отырысындағы Ұлттық баяндаманың құрылымы және мазмұны бойынша; ішкі және сыртқы нарық

ескергенде әрекеттегі ұлттық бағдарламаларды ескергендегі «Новодез» ресей компаниясының дезинфекция құралдарын өндіру жөніндегі жобаларды жүзеге асыру бойынша жақындағы 90 Үкіметтің жедел жоспарына ұсыныстар енгізілді.

Сондай-ақ «ҚИДИ» АҚанықтамалық материалдарды дайындады: Швеция тұрғын үй бағдарламасы бойынша; «China Manufacturing 2025» бағдарламасы бойынша; «Қытайдағы, Малайзиядағы және Оңтүстік Кореядағы министрліктен жоғары органдар» тақырыбы бойынша; «Қазақстан Республикасы бойынша жан-жақты шолу» ЭЫДҰ есебі бойынша; Финляндияның ағымдағы экономикалық жағдайы бойынша; мұнай секторынан келетін салық салымдары бойынша; жобалық басқару бойынша; әлемдік экономикалық трендтер бойынша; Қазақстанның бейшикізаттық экспорты бойынша; халықаралық менденциялар және Индустрия 4.0 шеңберінде қолдау шаралары бойынша; жаңартылатын энергия көздері бойынша; «Юнайтед Кемикалс Морпорт» ЖШС жобасының шеңберінде карбамиду бойынша; ҚР өнеркәсібіне Париж келісімінің ықпалы бойынша; курстық айырмашылықты ескергендегі ақшалай массаның динамикасының анализы бойынша, сондай-ақ ақпараттық-аналитикалық және аддитивті технологиялар, ҚР аддитивті технологияларды дамыту бойынша және ҚР Төртінші өнеркәсіптік революцияға қатысу стратегиясын әзірлеу бойынша презентациялық материалдар.

Бұдан басқа, «ҚИДИ» АҚ-ның қызметкерлері «Инновация, Жаңа өнеркәсіптік экономика және сандық экономика» тақырыбы бойынша Пекин қаласында Ірі 20 (G20) жұмыс тобына қатысты және жүргізілген жұмыс қорытындысы бойынша G20 жұмыс тобымен әзірленген құжаттардың ағымдағы редакциясы бойынша ұсыныстарды ҚР қауіпсіздік кеңесіне ұсынды.

3) Өңірлердегі салалар қимасында индустриалды үдерістер талдауын дайындау бойынша, сондай-ақ өңдеу өнеркәсібіндегі салаларды, атап айтқанда: химия, фармацевтика, жеңіл, металлургия өнеркәсібі, құрылыс материалдарын дамыту және машина жасау (бұдан әрі – салалар) дамыту. Салаларды кешенді және жүйелі талдау, сондай-ақ интергациялды үдерістер бойынша жұмыс жүргізілді. Өндірістік қызметті (технологиялық үдерісті) қабылдау туралы жер қойнауын пайдаланумен байланысты (технологиялық үдеріспен) индустриялық-инновациялық қызметті қабылдау туралы жер қойнауын пайдалану жобаларының сараптама қорытындылары дайындалды.

Осылайша, «ҚИДИ» АҚ-ы 2016 жылғы 9 ай, сондай-ақ 2012 жылдан 2015 жылға дейінгі кезеңде өңдеу өнеркәсібіндегі 6 сала бойынша ағымдағы жағдайдың зерттеу құндық және заттай көріністегі өндіріс көлемі, сыртқы экономика қызметінің динамикасы, негізгі құрал-жабдықтарға құйылатын инвестициялар, индустрияландыру картасына салым, мемлекеттік қолдау шараларын талдау және т.б. бойынша жүргізілді.

ЭЕО мемлекеттерінде салалардың ағымдағы жағдайы туралы, сондай-ақ ЭЕО мемлекеттерінде жіне әлемдегі олардың дамуы бойынша тенденциялар туралы ақпарат ұсынылды.

Жұмыстың нәтижесі бойынша бар мәселердің ағымдағы жағдайды сондай-ақ әлемдік тенденциялардың ықпалы ескергендегі салалардың дамуы бойынша ұсыныстар мен кеңестер берілді.

2016 жыл ішінде «ҚИДИ» АҚ өндірістік қызметті (технологиялық үдерісті) қабылдау туралы жер қойнауын пайдаланумен байланысты (технологиялық үдеріспен) индустриялық-инновациялық қызметті қабылдау туралы алты қорытынды келесі жобалар бойынша дайындалды:

- «Ер-Тай» ЖШС жобасы – «Дружное жақын жатқан кен орнын өңдеу мақсатымен Ақсу кен байыту фабрикасын Флотациялық-гарвитациялық кен байыту фабрикасына модернизациялау және қайта жөндеу»;
 - «Қазцинк» ЖШС жобасы – «Зыряновск кен-байыту кешені өіндіріс модернизациялау»;
 - «Жайрем тау-кен байыту комбинаты» АҚ-ы жобасы - «Әрекеттегі өндірісті модернизациялау. Кен-байыту фабрикасын салу»;
- «ҚИДИ» АҚ-ы ҚР өнеркәсіп салаларының басымды салаларының жүйелі анализі инфрақұрылымдық талаптарды ескере отырып, сондай-ақ ҚР ағымдағы жағдайын келесі инфрақұрылымдық объектілер бойынша анықтау: автомобиль және теміржол транспорты, электроэнергетика, телекоммуникация, табиғи газ, теңіз порты.

Өнеркәсіптің басымды салаларының дамуына кедергі болатын инфрақұрылымдық барьерлер анықталды.

Жүргізілген жұмыстар қорытындысы бойынша «ҚИДИ» АҚ-ы көлік шаруашылығында нормативтік-құқықтық тәртіптемені жетілдіруді қосатын барьерлерді төмендету бойынша, табиғи монополиялар тарифінің ұзақ мерзімді жорамалын бекіту, кәсіпорындар экономикалық ынталандырудың қосымша шараларын (жеңілдетілген несиелендіру, лизинг, энергиялық тиімді жабдықты алу үшін салық жеңілдіктерін) енгізу олардың энергия тиімділігін арттыруға, Индустрия 4.0 ауысуға ынталандыру.

Мемлекет инфрақұрылымын дамытудың негізгі бағыттары анықталды, ҚР өнеркәсібіндегі басымды салалардың қажеттіліктерін ескергендегі инфрақұрылымды жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірленді.

Сондай-ақ «ҚИДИ» АҚ-ы интеграциялық үдерістердің ЭЕО және ДСҰ халықаралық экономикалық интеграция жағынан Қазақстанның өнеркәсіп салаларының дамуына ықпалын қарастырды. Өнеркәсіптік субсидиялар туралы мемлекет-мүшелердің ескертулері талданды, Қазақстанның ДСҰ-ға кірудің негізгі шарттарын, сондай-ақ өнеркәсіп салалары қимасында бірыңғай кедендік тарифтің орташа өлешнег мөлшерлемесін ескергендегі ЭЕО және ДСҰ шеңберінде кедендік-тарифтік реттелімін қарастырды

Қазақстан, Ресей, Беларусь және Украина елдерінің экономикалық жағдайларына жалпы шолу, сондай-ақ Қазақстанның Ресей, Украина және

Беларусьпен өзара сауда және интеграциялық-саудалық өзара іс-қимыл жасау деңгейі келтірілді. Ресей, Украина және Беларусь нарықтарына отандық өнімдерді жеткізу мүмкіншілігі анықталды, Қазақстанның өнеркәсіп кооперациясының әлеуетін олармен талдау жүргізілді.

Беларусь Республикасында экспорттық және кооперациялық әлеуеті бар тауарлардың тізбесі бойынша жұмыс нәтижелері ҚР Премьер-Министрінің Бірінші орынбасары мен Беларусь Республикасы Премьер-Министрінің Бірінші орынбасарының тең төрағалығымен 2016 жылдың шілде айының 20-21 аралығында Гомель қаласында (Беларусь Республикасы) өткен, Қазақстан-Беларусь Сауда-экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі үкіметаралық комиссияның он екінші мәжілісі барысында пайдаланылды.

Үшінші елдермен сауда-экономикалық қатынастарды орнату жөніндегі ЕЭО-ты белсендіру тұрғысынан ЕАЭО мен үшінші мемлекет арасында ЕСА туралы келісім жасалған жағдайда, өнеркәсіпке ықтимал әсерін талдау жүргізілді.

Атап айтқанда, үшінші елмен ЕСА туралы әрбір әлеуетті келісім бойынша ЕСА туралы келісім жасау мақсаттылығы, Қазақстанның өнеркәсібі үшін тәуекелдер мен мүмкіндіктерді анықтау туралы талдау жүргізілді. Нәтижелер ЕАЭО шеңберінде және халықаралық деңгейде ЕЭК-ның жұмыс тобы құрамында келіссөздер үшін жауапты қазақстандық уәкілетті органдардың оңтайлы позициясын құруға мүмкіндік берді.

ДСҰ және ЕАЭО шарттарында Қазақстан өнеркәсібінің тиімді жұмыс істеуі мақсатында кеден бажының тиімді мөлшерлемесін анықтау әдістемелерін Қазақстанда жетілдіру және қолдану бойынша ұсыныстар берілді.

«ҚИДИ» АҚ интеграциялық бірлестіктер шеңберінде шешімдер қабылдау мақсатында келіссөз процестерін талдамалық сүйемелдеу шеңберінде ұсыныстар мен ұсынымдарды жасап шығарды. Кезең ішінде барлығы 72 ресми сұрау салу алынды, оның ішінде ЕСА бойынша – 23, сауда блогы бойынша – 16, ДСҰ бойынша – 9, кедендік-тарифтік реттеу бойынша – 8, ЕЭК мәжілістеріндегі елдік позициялар бойынша, оның ішінде өнеркәсіптік субсидиялар бойынша – 16. Барлық сұрау салулар «ҚИДИ» АҚ-ның қызметкерлерімен пысықталып, тиісті жауаптары берілді;

4) ҚР өнеркәсіптік секторындағы басым тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің бірыңғай картасын әзірлеу және өзектендіру және анықталған қызметтерді ынталандыру жөніндегі шараларды тұжырымдау бойынша «ҚИДИ» АҚ дүниежүзілік өңдеу өнеркәсібіндегі қызметтер саласындағы үрдістері анықталды, басым қызметтерді анықтау үшін әдіснама әзірледі, сондай-ақ халықаралық тәжірибені талдау негізінде өңдеу өнеркәсібінің басым секторларына сипатты қызметтер анықталды.

Сонымен қатар, ақпараттық-талдамалық жұмыстар шеңберінде ҚР экономикасының 11 басым секторына ұқсас өнімді өндіретін 50 ірі халықаралық компаниялары ұсынатын қызметтер бойынша ақпарат

талданды, сондай-ақ қызметтерді дамыту бөлігінде осы секторларды дамытудың халықаралық трендтері қарастырылды.

2016 жылдың екінші жарты жылдығында, көрсетілген және сатып алынған қызметтер бойынша ағымдағы жағдайды анықтау үшін өңдеу өнеркәсібінің 11 басым секторы бойынша 550 қазақстандық ірі, орта және шағын кәсіпорындарында сауалнама жүргізілді.

Сауалнама жүргізу барысында, қызметкерлердің жалпы саны, шығарылатын өнімнің сипаты, өнімді шетке шығару, компанияның қаржы нәтижелерінің динамикасы және б. сияқты кәсіпорындар бойынша жалпы ақпаратты жинау жүзеге асырылды. Кәсіпорындармен көрсетілетін қызметтер бойынша ағымдағы жағдай және даму динамикасы, сондай-ақ қызметтердің дамуы бойынша жоспарлар, кәсіпорындармен көрсетілетін қызметтерді дамытуға оң немесе теріс әсер ететін факторлар анықталды. Қызметтерді дамытуды ынталандыру бойынша компаниялардың ұсыныстарын жинау жүзеге асырылды.

Осы сауалнама шеңберінде ағымдағы жағдай және даму динамикасы анықталды, сатып алынған қызметтерге байланысты проблемалы мәселелер нақтыланды. Импортталатын қызметтердің тізбесі және оларды шетелде сатып алу себептері анықталды. Ғылыми-зерттеу мен тәжірибелік-құрастырымдық жұмыстарға (ҒЗТҚЖ) байланысты қызметтерді пайдалану бойынша кәсіпорындардың тәжірибесі зерттелді. Сонымен қатар, сауалнаманың қорытындысы бойынша бизнес субъектілерінің арасындағы өзара іс-қимыл жасау сипаты, атап айтқанда ірі компаниялардың шағын және орта бизнеспен өзара іс-қимыл жасау шарттары мен нысандары айқындалды, олардың өзара іс-қимыл жасауға кедергі болатын тосқауылдар мен шектеулер, жергілікті атқарушы органдардың рөлі айқындалды.

Жүргізілген жұмыстардың қорытындысы бойынша өнеркәсіптің басым секторларындағы басым қызметтердің тізбесі анықталды, айқындалған қызметтердің дамуын ынталандыру жөніндегі шаралар ұсынылды.

Жол картасының тармақтарын орындау шеңберінде ҚР ИДМ ҚР-да өндіру үшін басым қара, түрлі-түсті металлургия және құрылыс индустрия өнімдері түрлерінің тізбесін анықтау бойынша жұмыс жүргізді. Өндірісі ҚР жағдайында ықтимал, өнімдердің басым түрлерінің тізбесі 53 позициядан тұрады, 18 бойынша ҚР-да бәсекеге жарамды өндірісі бар, осы өнім түрлері макроөңір нарығында импортты алмастыру және экспортты кеңейту мақсатында өсу әлеуеті бар.

5) салалар бойынша Қазақстан мен ЕАЭО мүше мемлекеттердің арасындағы өнеркәсіптік ынтымақтастықтың перспективалары мен әлеуетін талдау жөнінде зерттеу жұмыстарын жүргізу бойынша «ҚИДИ» АҚ ЕАЭО мүше мемлекеттердің арасындағы өнеркәсіптік ынтымақтастықтың ағымдағы деңгейі анықталды, 2015 жылдағы үшінші елдермен өзара және сыртқы сауда көлемі талдады.

Сонымен қатар, перспективалық салаларды айқындау мақсатында ЕАЭО мүше мемлекеттердің өнеркәсіп салалары бойынша нарықты талдау жүргізілді, көрсеткіштер есептелді: экспорт бойынша Баласс индексі, сауданың теңгерімсіздік коэффициенті, бәсекелік ұстаным индексі, экспорттың Баласс индексіне қатынасы, сәйкестік индексі, экспорт құрылымын басқа қатысушы елдермен ұқсастық индексі, Баласстың салыстырмалы индексі, өзара сауданың теңгерімсіздік коэффициенті.

Өнеркәсіптік ынтымақтастықтың негізгі бағыттарының (бұдан әрі – ӨЫНБ) актілері мен іс-шараларын әзірлеу жоспары шеңберінде көптеген іс-шараларды әзірлеуге позициялар бағыттталып, тікелей қатысу қабылданды.

Еуразиялық интеграцияның процестерін іске асырудың қолданыстағы тәжірибесінен туындайтын проблемалық мәселелер бойынша талдау жүргізілді. Нәтижесінде жалпыжүйелік проблемаларды жою бойынша ұсыныстар және өнеркәсіптің жекелеген салалары тұрғысындағы тосқауылдарды жою жөніндегі шаралар пысықталды.

Одаққа мүше мемлекеттердің өнеркәсіптік кешендерінің тиімді өндірістік кооперациясының механизмдері мен құралдары ретінде ұсынылған: кедендік-тарифтік құралдар; қосылған құн тізбесінің (КҚТ) әдәсі, өнеркәсіптік субсидиялар.

Сонымен қатар, «ҚИДИ» АҚ ЕАЭО шеңберінде ынтымақтастықты дамыту мәселелері бойынша, атап айтқанда, ауыл шаруашылық машина жасау, жеңіл өнеркәсіп саласындағы ынтымақтастық мәселелері бойынша, өнеркәсіптік кооперация мен субшарттасудың еуразиялық желісін құру тұжырымдамасын әзірлеу бойынша, ӨЫНБ іс-шараларын іске асыру бойынша, Еуразиялық Даму банкі қаржыландыру үшін интеграциялық әлеуеті бар кооперациялық жобаларды іріктеу критерийлерін әзірлеу бойынша ескертулер мен ұсыныстар қаралып, пысықталды.

б) еңбек өнімділігін және капиталды арттыру арқылы өңдеу өнеркәсібінің басым салаларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру жөніндегі ұсынымдарды пысықтау бойынша, сондай-ақ жүйе құрушы кәсіпорындардың айналасындағы өнім берушілердің экожүйесін дамыту бойынша «ҚИДИ» АҚ негізінде өңдеу өнеркәсібінің басым салалары бойынша еңбек өнімділігінің ағымдағы деңгейі айқындалған, Қазақстанда еңбек өнімділігін есептеу әдістемесін зерттелді.

Сонымен қатар, ҚР-да және әлемнің жеке елдерінде еңбек өнімділігінің қазіргі жай-күйін талдау негізінде өңдеу өнеркәсібінің 15 секторындағы еңбек өнімділігіне әсер ететін мынадай факторлары: өндіріс, инвестиция көлемі, экспорт, импорт, тұтыну нарықтары, жаңарту коэффициенті, тозу дәрежесі, қормен жарықтандырылу, қор қайтарымы, негізгі құрал-жабдықтар құны және б. анықталды. Сонымен қатар, ең кіші квадраттар әдісі және Кобба-Дугластың өндірістік функциясы негізінде экономикалық–математикалық моделдерді, корреляциялық–регрессивті талдауды қолданумен талдамалық, статистикалық деректер негізінде талдау жолымен

еңбек өнімділігінің жалпы көрсеткішіндегі әрбір фактордың үлесі бағаланды.

Қара металлургияда еңбек өнімділігін арттыруға кедергі болатын тосқауылдар айқындалды.

Бұдан басқа, еңбек өнімділігін арттыру және еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған тиімді өзгерістер жүргізуге ұсынымдарды пысықтау бойынша кәсіпорындарды ынталандырудың қолданыстығы шараларының талдауы ұсынылды.

Сонымен қатар, өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін және олардың еңбек өнімділігі мен капиталын ұлғайту жолымен ұзақ мерзімді перспективада жетілдіру бойынша ұсынымдарды арттырудың жалпыжүйелік шараларын талдау ұсынылды.

Ірі компаниялардан шағын және орта бизнес саласына босаған жұмыс күшін жұмыспен қамтамасыз ету бойынша құралдарды қоса алғанда, жүйе құрушы кәсіпорындардың айналасындағы өнім берушілердің экожүйесін дамытуды зерттеу шеңберінде, «ҚИДИ» АҚ жүйе құрушы кәсіпорындардың айналасындағы өнім берушілердің экожүйесін дамытудың халықаралық тәжірибесін, мысал ретінде 2 ірі шетел компаниясы – RioTinto және BritishPetroleum зерттеу бойынша жұмыс жүргізілді. Жүргізілген талдаудың нәтижесі бойынша әлемдік тәжірибені ескеріп, өңдеу өнеркәсібіне байланысты өнім берушілер мен сервистік компаниялардың жүйесін дамытуға арналған шарттарды кеңейту және құру бойынша ұсынымдар берілді.

Сонымен қатар, «ҚИДИ» АҚ ірі кәсіпорындардың айналасындағы шағын және орта бизнес (бұдан әрі – ШОБ) арасындағы өнім берушілердің (отандық өндірушілердің) жүйесін дамытуға ұлттық холдингтер мен компаниялардың әсерін талдау жүргізілді. ҚР ұлттық компаниялары мен ірі жүйе құрушы кәсіпорындарының қызметі зерттелді. Ірі компаниялар мен ШОБ субъектілерінің арасында сауалнама жүргізілді, оның нәтижесі бойынша ірі компаниялардың айналасындағы ШОБ арасындағы өнім берушілер (отандық өндірушілер) жүйесінің дамуын шектейтін ұлттық холдингтер мен компаниялар қызметінің бағыттары айқындалды. Сауалнаманың қорытындысы бойынша ШОБ субъектілерін ірі кәсіпорындарға арналған жеткізу жүйесіне тарту мақсатында айқындалған тосқауылдарды жою бойынша, оның ішінде бизнесті ашу және жүргізу кезінде рұқсат жүйесінің рәсімдерін жеңілдету бойынша ұсыныстар берілді.

Халықаралық тәжірибені ескере отырып, ірі кәсіпорындарынан ШОБ саласына босаған босаған/босатылатын жұмыс күшін жұмыспен қамтамасыз ету бойынша ұсынымдар ұсынылып, ірі отандық компаниялардан босаған жұмыс күші бойынша ағымдағы жағдайды талдау жүргізілді.

6 өтінім түсті. Өтеуге мақұлданған өтінімдерді ұсынуға жүргізетін салалық тұрғыда мына салалар болады: азық-түлік өнімдерін өндіру (агроөнеркәсіптік кешен) – 14 өтінім, машина жасау – 13, металлургия және металл өңдеу – 10 және химиялық сала – 8 өтінім. Аса қажетті құралдардың бірі «Технологиялық процестерді жетілдіруге кететін шығындардың орнын толтыру» – 36 өтінім және «Кәсіпорынның құзыреттілігін арттыруға кететін шығындардың орнын толтыру» – 20 өтінім болып табылады.

Аталған құралдар бойынша өтінімдердің ең көп санының түсуі, кәсіпорындар өндірістің жаңа технологияларын енгізуге, жабдықты сатып алу мен тиісінше өз қызметкерлерін оқытуға байланысты.

Индустриялық-инновациялық субъектілерін мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну шарттар мен механизмдерін түсіндіру мақсатында 23 көшпелі семинар-кеңес, Қазақстанның өнеркәсіптік кәсіпорындарының өкілдерімен 203 кездесу, оның ішінде олардың қатынасуы өткізілді, сондай-ақ 12 іс-шараға қатысу қабылданды, 2 брифинг жүргізілді.

Индустриялық-инновациялық қызметтің 162 субъектілеріне ауызша және жазбаша түрде кеңес берілді.

Сонымен қатар, 2015 жылғы 22 қазанда «ҚИДИ» АҚ және «Атамекен» ҚР ҰКП арасында жасалған, кәсіпкерлік субъектілеріне және кәсіпкерлік бастамасы бар халыққа қолдау көрсету шеңберінде өзара іс-қимыл жасау жөніндегі келісімнің 5-тармағының 1) тармақшасына сәйкес, кәсіпкерлік субъектілеріне одан әрі кеңес беру мақсатында мемлекеттік қолдау шараларын алу үшін құжаттар пакетін қабылдау бойынша Қазақстанның өңірлерінде 15 Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтарының қызметкерлерін оқыту жүргізілді.

2016 жылғы 15 қыркүйекте Астана қаласында «ҚИДИ» АҚ «Қазақстанның өнеркәсіптік саясаты: еңбек өнімділігін ұлғайту жолымен экономиканың басым секторларында өнеркәсіптік кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру» тақырыбында V Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясын өткізді.

Конференция ел экономикасының басым секторларындағы өнеркәсіптік кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруды ынталандыру мүмкіндігі мен шараларын талқылау бойынша мемлекеттік сектор мен бизнес-қоғамдастығының арасындағы диалогтік алаң болды.

Конференцияға қатысушыларда «Өнімділік 2020» бағыты шеңберінде кәсіпкерлік субъектілерін мемлекеттік қолдау туралы толығырақ білуге мүмкіндік болды. Бағдарлама бойынша орнын толтыруды алған кәсіпорын басшыларының сөйлеген сөзін тыңдау.

Сонымен қатар, «ҚИДИ» АҚ қабырғасында мынадай ұйымдар: Қазақстандық автоматтандыру және роботты техника қауымдастығы (КААР), «Назарбаев Университеті» ДБҰ, Атамекен» ҚР ҰКП, «Қазақстан машина жасаушылары одағы» ЗТБ, «Технолиялық даму жөніндегі ұлттық

агенттік» АҚ, «Экономикалық зерттеулер институты» АҚ, «Зерде» ҰИХ, «Astana Innovations» АҚ, «Инновациялық технологиялар паркі» АЭА, («Алатау» технологиялық паркі), сондай-ақ консалтингтік, инжинирингтік компаниялар, бизнес-қауымдастықтары мен өнеркәсіптік кәсіпорындар өкілдерінің қатысуымен «Өнімділік 2020» бағытын жетілдіру мәселелері бойынша дөңгелек үстел өткізілді.

Дөңгелек үстелдің мақсаты – отандық кәсіпорындардың өндірістік процестеріне Индустрия 4.0 элементтерін (Интернет, роботтандыру, көлемі үлкен деректерді өңдеу және талдау (Big Data), бұлтты технологиялар, аддитив технологиялары (3D printing, 3D модельдеу, 3D сканерлеу), сенсорларды пайдалану және т.б.) енгізу бөлігінде бизнесті қолдау қолдау және ынталандыру форматы бойынша нақты ұсыныстарды пысықтау.

Сонымен қатар, стратегиялық міндетті іске асыру шеңберінде, «ҚИДИ» АҚ кластерлік дамуды қолдау бойынша экономиканың басым секторларында ақпараттық-талдамалық зерттеулер және консультациялық қызметтер бойынша жұмыс жүргізілді.

Консультациялық қызметтер «ШОК бәсекеге қабілеттілігін арттыру» деген Дүниежүзілік банктің бағдарламасына қатысуға 6 пилоттық кластерді конкурстық іріктеу рәсімдерін өткізуге дайындау үшін ҚР өңірлерімен дайындық және ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізуді білдіреді.

Жұмыстың негізгі мақсаты ҚР өңірлеріндегі кәсіпкерлік субъектілері мен жергілікті атқарушы органдарына аумақтық кластерлерді дамыту бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізу болып табылады.

Осыған орай, кәсіпорындар, әкімдіктер, АЭА басқарушы компаниялары, қауымдастықтар, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар және өңірлік кәсіпкерлер палатасының өкілдері қатысқан, Өскемен, Петропавел, Қостанай, Шымкент, Атырау қалаларында көшпелі семинар-кеңестер өткізілді. Семинар-кеңес барысында қатысушылар кластерлік даму және оған қатысу мүмкіндіктері бағдарламасы туралы ақпарат алды. Кездесу нәтижесі бойынша облыстардың негізгі кәсіпорындарымен және ұйымдарымен диалогтік алаң құруға, сондай-ақ әлеуетті кластерлердің көрінуін қалыптастыруға мүмкіндік болды.

Сонымен қатар, 2.2 «Бәсекеге қабілетті секторлар» кіші компонентті іске асыру мақсатында «ҚИДИ» АҚ ҚР барлық өңірлерінде кластерлік бастаманың диагностикасы жүргізілді. Негізгі міндеті ҚР өңірлерінде кластерлеуге және жобаға қатысуға дайын бизнес топтарын айқындау болды. Өңірлерге сапар шегу және кәсіпорындармен өткізілген кездесулер нәтижесі бойынша кластерге бірігуге дайын 23 бизнес-тобы айқындалды.

Осыдан басқа, «Қазақстанда ШОК бәсекеге қабілеттілігін арттыру» жобасын іске асыру шеңберінде, «ҚИДИ» АҚ Дүниежүзілік банктің техникалық қолдауында аумақтық кластерлерді іріктеу ережесі және өтінімдерді бағалау әдіснамасының жобасын әзірленді.

Сондай-ақ 2016 жылы «ҚИДИ» АҚ құзыретін арттыру мақсатында осы жабаны іске асыру шеңберінде «ҚИДИ» АҚ бірлесіп жұмыс жасайтын, Дүниежүзілік банктің халықаралық конкурсы шеңберінде екі консультациялық компания – Еуропалық кластерлік басымдық қоры және отобраны две консультационные компании в рамках международных конкурсов Всемирного банка - Европейский фонд кластерного превосходства и Инфида (Испания) компаниясы іріктелді.

3.3. Ішкі құзыретін жақсарту және сапалы жұмыстар мен қызметтер көрсету арқылы «ҚИДИ» АҚ тиімділігін тұрақты арттыру

3.3.1. Сараптамалық құзыреттерді тұрақты ұлғайту

3 «Ішкі құзыретін жақсарту және сапалы жұмыстар мен қызметтер көрсету арқылы «ҚИДИ» АҚ тиімділігін тұрақты арттыру» стратегиялық бағытының 1 «Сараптамалық құзыреттерді тұрақты ұлғайту» стратегиялық міндетін іске асыру шеңберінде жұмыстар жүргізілді:

1) корпоративтік басқару бойынша:

«ҚИДИ» АҚ корпоративтік басқару жүйесін дамыту саласындағы қызметі жоғары орган – Жалғыз акционер, басқару органы – Директорлар кеңесі және атқарушы орган – «ҚИДИ» АҚ Басқармасы, сондай-ақ мүдделі тұлғалар мүдделерінің оңтайлы теңгеріміне қол жеткізу арқылы, «ҚИДИ» АҚ экономикалық тиімділігін жақсартуға мүмкіндік беретін корпоративтік тәжірибені қалыптастыру мен жетілдіруге бағытталды.

Сонымен, басқару органы – «ҚИДИ» АҚ Директорлар кеңесі 2016 жылда 9 мәжіліс (қатысып дауыс беру арқылы) өткізді, оның 49 мәселесі қаралды.

Директорлар кеңесінің саны 6, оның 2-уі тәуелсіз директор деп Жалғыз акционердің 2014 жылғы 24 желтоқсандағы №280 бұйығымен белгіленді,

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша Директорлар кеңесінің бекітілген құрамы төмендегі кестеде ұсынылған:

Директорлар кеңесінің төрағасы	Рау Альберт Павлович	Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму жөніндегі Бірінші Вице - министрі
Директорлар кеңесінің мүшелері	Тойбаев Амангелді Сағынбайұлы	Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің Мемлекеттің қатысуы бар мемлекеттік емес заңды тұлғалармен жұмыс жөніндегі басқарманың басшысы
	Құлсеіітов Айдын Жеңісұлы	«ҚИДИ» АҚ Басқармасының төрағасы
Тәуелсіз директорлар	Байғарин Қанат	\ «Nazarbayev University Research and Innovation System» жекеменшік мекемесінің бас директоры

«Қазақстандық индустрия дамыту институты» АҚ-ның қызметі туралы
2016 жылғы есеп

	Абдуәлиұлы	
	Андрющенко Александр Иванович	Теңіз көлігі кәсіпкерлері қауымдастығының президенті

Осылайша, барлық есепті кезең ішінде «ҚИДИ» АҚ Директорлар кеңесімен мәселелер қаралып, шешімдер қабылданды:

- тағайындаулар және кадр саясатының мәселелері бойынша – 1;
- қаржы есептемесі, жоспарлау және аудит бойынша – 11;
- стратегиялық сипаттағы мәселелер бойынша – 4;
- ішкі нормативтік құжаттарды бекіту бойынша – 11;
- ұйымдық сипаттағы мәселелер бойынша – 20;
- корпоративтік сипаттағы мәселелер бойынша – 2.

Директорлар кеңесінің мәжілістерінде қаралған мәселелердің арасындағы, жоғары орган – Жалғыз акционерге бекітуге мынадай құжаттар (мәселелер) жіберілді:

- «ҚИДИ» АҚ жылдық қаржы есептемесінің аудитін жүзеге асыру үшін 2015 жылғы аудиторлық ұйымның анықтамасы;
- Директорлар кеңесінің қызметі туралы 2015 жылғы есеп;
- тәуелсіз аудиторлық ұйыммен бекітілген, 2015 жылдың қорытындысы бойынша «ҚИДИ» АҚ жылдық қаржы есептемесі;
- «ҚИДИ» АҚ қызметі туралы 2015 жылғы жылдық есеп;
- 2015 есепті қаржы жылы үшін «ҚИДИ» АҚ таза табысын бөлу, қарапайым акциялар бойынша дивидендтер және «ҚИДИ» АҚ қапарайым бір акциясы есебіндегі дивиденд мөлшерін төлеу тәртібі бойынша ұсыныстар;
- «ҚИДИ» АҚ Жарғысына енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
- «ҚИДИ» АҚ өкілдіктік шығындарының лимиттері;
- «ҚИДИ» АҚ тәуелсіз директорларына сыйлықақы және шығын төлемақысын төлеу қағидаларына өзгерістер;
- «ҚИДИ» АҚ акционерлернің жалпы жиналысы туралы ереженің күші жойылған деп тану.

«ҚИДИ» АҚ тәуелсіз директорларына 2016 жылы төленген кесімді сыйақының жалпы сомасы 1 300 000 (бір миллион үш жүз мың) теңгені құрады.

Директорлар кеңесі мен тәуелсіз директорлардың мүшелерін іріктеу процесі ҚР қолданыстағы заңнамасымен анықталады.

Атқарушы орган – «ҚИДИ» АҚ Басқармасы 31 мәжіліс өткізді, онда 124 мәселесі қаралды.

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ҚИДИ» АҚ Басқармасының саны 4 адамды құрайды.

«ҚИДИ» АҚ Басқармасының құрамы төмендегі кестеде ұсынылған.

Басқарма төрағасы	Құлсейітов Айдын Жеңісұлы
Басқарма мүшелері	Тұрлыбаев Талғат Тоқтарханұлы
(Басқарма төрағасының	Ідірісов Марат Макейұлы

орынбасарлары)

Суханов Сібит Неғметұлы

«ҚИДИ» АҚ Басқармасының қызметі (Басқарма мүшелерінің құқықтары, міндеттері мен жауапкершілігі), Басқарма мәжілісін шақыру және өткізу, оның шешімдерін қабылдау және рәсімдеу, сондай-ақ олардың орындалуы үшін бақылауды жүзеге асыру тәртібі «ҚИДИ» АҚ Директорлар кеңесінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы (№10 хаттама) шешімімен бекітілген, «ҚИДИ» АҚ Басқармасы туралы ережесінде анықталды.

2016 жылы «ҚИДИ» АҚ-да мынадай маңызды корпоративтік оқиғалар болды:

- «ҚИДИ» АҚ Басқармасы төрағасының орынбасары С.Н. Сухинов сайланды;

- 2015 есепті қаржы жылы үшін «ҚИДИ» АҚ таза табысын бөлу, қарапайым акциялар бойынша дивидендтер және «ҚИДИ» АҚ қапарайым бір акциясы есебіндегі дивиденд мөлшерін төлеу тәртібі бекітілді;

- «ҚИДИ» АҚ Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар бекітілді;

- «ҚИДИ» АҚ Басқармасының жаңа ұйымдық құрылымы бекітілді және сандық құрамы анықталды.

2) «ҚИДИ» АҚ сапалы сараптамалық-консультациялық қызметтерін жүргізу үшін қажетті дағдылар мен әдістерге персоналды оқыту жөніндегі шарала кешені арқылы қызметкерлердің сараптамалық құзыреттерін арттыруды ынталандыру бойынша Басқарманың 2016 жылғы 13 сәуірдегі шешімімен бекітілген, «ҚИДИ» АҚ қызметкерлерін даярлау және олардың біліктілігін арттыру бойынша жұмыс жүргізілді. Өздерінің лауазымдық міндеттерін тиімді орындау және міндеттерді шешу үшін қызметкерлердің кәсіби және басқарушылық қызметі саласындағы теориялық және тәжірибелік білімдерін, біліктер мен дағдыларын жаңарту жүзеге асырылады.

Бұл ретте, оқытуға деген мұқтаждық айқындалған жағдайда лауазымдық ерекшеліктері есептеледі:

1) әкімшілік-өндірістік қызметкерлер үшін кәсіптік білімдерін, ақпараттық технология білімін дамытуға, тиімділікті дамытуға ерекше көңіл бөлінеді;

2) басқарушылық қызметкерлер үшін негізгі оқыту басқару, келіссөздер, тиімді таныстыру рәсімін жүргізу дағдылары бойынша өтеді;

3) басқарушы қызметкерлері үшін стратегиялық ойлауға ерекше көңіл бөлінеді.

2016 жылы командалық рухын дамыту мақсатында, «ҚИДИ» АҚ әрбір қызметкерінің жеке бас әлеуетін айқындау мен іске асыруға командалық менеджменті және команда құруды енгізу бойынша көшпелі семинарлар өткізілді.

Сонымен, Басқарманың 2013 жылғы 26 желтоқсандағы шешімімен бекітілген, «ҚИДИ» АҚ стратегиялық міндеті мен кадр саясатының (бұдан әрі – Кадр саясаты) негізгі іс-шаралары:

- кадрларды жоспарлау, іріктеу және орналастыру;
- пресоналды оқыту және дамыту;
- кәсіптік кадрлық резервті құру және дамыту;
- уәждеме жүйесін енгізу және тиімділікті арттыру;
- тиімділікті басқару, қызметкерлердің уәждемесі;
- корпоративтік басқару тәжірибесін енгізу және корпоративтік мәдениетті қалыптастыру болып табылады.

«ҚИДИ» АҚ алдына қызметкерлердің тиімді санымен, басқару деңгейінің санымен стратегияны іске асыру қажеттілігіне, басқарушылық және әкімшілік-өндірістік ара қатынасқа, басшылар мен тәуелділер санының ара салмағына сүйене отырып, тиімді ұйымдық құрылым құру міндетін қояды.

«ҚИДИ» АҚ-да стратегиялық міндеттер мен кадр саясатын іске асыру шеңберінде «ҚИДИ» АҚ кадрлар резервинде пайда болған бос лауазымға орналасуға үміткерлерді іздеуге мүмкіндік беретін, кадрлар резервінің жүйесі енгізілді. Есепті кезеңде «ҚИДИ» АҚ кадрлар резервіне 7 үміткер енгізілді, оның 4 үміткері «ҚИДИ» АҚ құрылымдық бөлімшелеріндегі әртүрлі лауазымға қабылданды.

Кадрлар резервін қалыптастыру, мүмкіндіктің бағалауын жүргізу рәсімдерін ұйымдастыру және кадрлар резервіне қызметкерді қабылдау Қызметкерлерді қабылдау шарттары туралы ережемен реттеледі.

Сонымен қатар, «ҚИДИ» АҚ қызметкерлеріне еңбекақы төлеу, материалдық ынталандыру және әлеуметтік қолдау туралы ережесіне сәйкес, жыл сайын «ҚИДИ» АҚ Басқармасы құрылымдық бөлімшелердің негізгі қызметіне сәйкес бөлінген, орындау мерзімімен, аяқталу нысанымен және іс-шаралар салмағымен іс-шаралар көзделген, «ҚИДИ» АҚ жұмыс жоспары бекітіледі.

Осы Ережеге сәйкес 2016 жылдың бірінші және екінші жарты жылдығының қорытындысы бойынша «ҚИДИ» АҚ Басқармасы 2016 жылғы 13 сәуірде (№11 хаттама) бекітілген, «ҚИДИ» АҚ Жұмыс жоспарына сәйкес құрылымдық бөлімшелердің қызметін бағалау жүргізілді.

«ҚИДИ» АҚ-да табысты корпоративтік даму, оның ішінде мына төмендегілер есебінен, персоналдың қанағаттанушылық деңгейін арттыру бөлігіндегі мәселелерге ерекше көңіл бөлінеді:

- басқару менеджментін жақсарту: түсінікті, анық, орындалатын мақсаттар мен міндеттер, жұмыс нәтижелерін объективті бағалау;
- персоналды ынталандыру жүйелерін жетілдіру;
- оқыту мен дамытуды ұйымдастыру;
- мансаптық өсу мүмкіншіліктерін қамтамасыз ету;
- ұжымдағы тілектестік қалыпты қолдау;

- корпоративтік мәдениетті дамыту;
 - жұмыс жағдайын жақсарту (кеңсе ішіндегі жайлы жағдай, жұмыс орнының техникамен жабдықталғандығы, ыңғайлы жұмыс кестесі, қызметкерлердің денсаулық мәселелері және еңбек қауіпсіздігі).

Сонымен, 2016 жылғы желтоқсан айында «ҚИДИ» АҚ қызметкерлердің қанағаттануын бағалаудың жылдық сауалнамалауын жүргізді. Қызметкерлердің жалпы қанағаттану дәрежесі 80% құрады. Қанағаттану дәрежесін «ҚИДИ» АҚ еңбек өмірінің сапасымен талдай отырып, қызметкердің 92% жұмысына, қызметкерлердің 89% - еңбек жағдайларына, 64% - жалақы деңгейіне қанағаттанады деп атап өтуге болады. Сауалнамаға жауап берушілердің 95%, жұмыс беруші заңнамада көзделген әлеуметтік кепілдіктерді сақтайды деп санайды.

Сонымен, «ҚИДИ» АҚ кадрлар құрамын талдау, есепті кезеңнің аяғында қызметкерлердің нақты саны 79 адам, оның 65 адамы – негізгі өндірістік персонал және 14 адамы – әкімшілік-бақару қызметкерлері құрайтынын көрсетеді.

«ҚИДИ» АҚ саны 82 бірлік штат саны Директорлар кеңесінің 2016 жылғы 29 ақпандағы (№60 хаттама) шешімімен бекітілді.

Санаттар бойынша персоналдың 2016 жылғы құрылымы:

р/с №	Персоналдың санаты	2016 жыл	
		жоспар	факт
1	Әкімшілік-басқару қызметкерлері	14	14
2	Негізгі өндірістік қызметкерлер	68	65
	БАРЛЫҒЫ:	82	79

Қызметкерлердің негізгі үлесін 25-тен 40 жастағы қызметкерлер құрайды, ол 75% құрайды, сонымен бірге «ҚИДИ» АҚ қызметкерлерінің орташа жасы 32 жасты құрайды.

Жас құрамы бойынша қызметкерлердің 2015-2016 жж. құрылымы:

Жылдар	25 жасқа дейін, %	25-тен 40 жасқа дейін, %	41-ден 50 жасқа дейін, %	51-ден жоғары, %	Барлығы, %
2015 жыл	9	58	23	10	100
2016 жыл	6	75	11	8	100

2016 жылдың қорытындысы бойынша «ҚИДИ» АҚ кадрлардың тұрақтамауы 23% құрады, 2015 жылмен салыстырғанда кадрлардың тұрақтамауы 1%-ға ұлғайды (2015 жылы кадрлардың тұрақтамауы – 22% құрады).

«ҚИДИ» АҚ кадр қызметінің жүргізген ішкі талдауы, кадрлардың тұрақтамауының негізгі себебі отбасылық-тұрмыстық жағдайларға және

орналасқа жеріне байланысты (кадрлардың тұрақтамауы өңірлерге қарағанда мегополисте жоғары) екенін көрсетеді.

Сонымен қатар, тұрақты негізде «ҚИДИ» АҚ қызметкерлерінің сапалы құрамының мониторингі жүргізіледі.

Сонымен 2015 жылмен салыстырғанда 2016 жылғы білім деңгейі бойынша қызметкерлердің сапалы құрамы аз өзгерді және мынаны құрайды:

- жұмыс істеушілердің 50% екі және одан астам жоғары білімі бар;
- 1 профессор;
- 1 ғылым докторы;
- 4 ғылым кандидаты;
- 16 түлек Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ»

халықаралық стипендиясы.

«ҚИДИ» АҚ 79 қызметкерінің 20 қызметкері (25,3%) салалық білімі, 59 қызметкердің (74,6%) – экономикалық, заң және басқа білімі бар.

«ҚИДИ» АҚ бос лауазым орындарына іздеу, қабылдау және тағайындау рәсімі «ҚИДИ» АҚ Басқармасының 2016 жылғы 20 сәуірдегі (№12 хаттама) шешімімен бекітілген, «ҚИДИ» АҚ Қызметкерлерді қабылдау шарттары және еңбек тәртіптемесі туралы ережеге сәйкес (бұдан әрі – Қызметкерлерді қабылдау шарттары туралы ереже) болады.

Белгіленген талаптарға сәйкес тұрақты негізде іздеу жүргізіледі және «ҚИДИ» АҚ бос лауазымдарға орналасуға конкурс <http://kidi.gov.kz> ресми сайтында жарияланады.

Есепті кезеңде барлығы конкурс тіртібінде 14 бос орын жабылды.

Сонымен қатар «ҚИДИ» АҚ басшылығы «ҚИДИ» АҚ қызметкерлері үшін ҚР заңнамасында көзделген барлық әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз етеді.

Корпоративтік мәдениет мәселелерін дамыту, мүдделі тұлғалармен тиімді іс-қимыл жасау іскерлік қылық тәжірибесін қолдану арқылы жүзеге асырылады және «ҚИДИ» АҚ Іскерлік этика кодексімен және Корпоративтік басқару кодексімен реттеледі.

Қызметкерлердің денсаулығын қорғау және еңбек қауіпсіздігі мақсатында, «ҚИДИ» АҚ Басқармасымен 2016 жылғы 01 шілдеде (№17 хаттама) бекітілген, «ҚИДИ» АҚ қызметкерлерінің еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі жөніндегі нұсқаулық (жаңа редакцияда) әзірленді.

3.3.2. Серіктестер желісін кеңейту

3 «Ішкі құзыреттерді жақсарту және сапалы жұмыстар мен қызметтер көрсету арқылы «ҚИДИ» АҚ тиімділігін тұрақты арттыру» стратегиялық бағытының 2 «Серіктестер желісін кеңейту» стратегиялық міндетін іске асыру шеңберінде «ҚИДИ» АҚ 2016 жылы мынадай жұмыстар жүргізілді:

1) *халықаралық ынтымақтастық шеңберінде «ҚИДИ» АҚ Қытай*

инженерлік академиясы жанындағы Консалтингтік қызметтер орталығымен (САЕ) және Корольдік инженерлік академиясымен (Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия) өзара түсіністік және ынтымақатстық туралы 2 меморандумға қол қойылды;

Меморандумдар шеңберінде екі елдің индустриялық бағдарламаларын талдамалық және әдістемелік сүйемелдеуді дамыту саласында өзара ынтымақтастық туралы уағдаластыққа қол жеткізілді.

Сонымен қатар Жапония халықаралық ынтымақтастық агенттігімен (ЛСА) 3 іскерлік кездесу өтті, ЛСА екі жылдық жобасы шеңберінде Кайдзен жапон менеджментінің мәселелері бойынша жергілікті кәсіпорындарға консалтингтік қызметтер көрсету, үйретуші бағдарламаларды ұйымдастыру, шағын және орта бизнесті дамыту саласында қажетті арнайы білім беру көзделді.

2016 жылдың 25 мамырында «Төртінші өнеркәсіптік революциясы: халықаралық тәжірибе» тақырыбында McKinsey басқару консалтингі саласында халықаралық компанияның таныстыру рәсімі өтті.

2016 жылдың 3 қазанында «ҚИДИ» АҚ қызметкерлері, дүниежүзілік экономиканы дамыту мәселелерін және оның заманауи үрдістерін талқылауға, шетелдік және ресейлік бизнес, саяси орта, сараптау және медиа-қауымдастығы өкілдерінің арасындағы өзара іс-қимыл жасау және байланысты нығайтуға арналған дәстүрлі алаңды білдіретін, Сочи қаласындағы (Ресей Федерациясы) «Сочи-2016» халықаралық инвестициялық форумға қатысты. Бұл форумда сондай-ақ бірнеше мәселелер, оның ішінде ЕАЭО өнеркәсіптік ынтымақтастықтың негізгі бағыттары шеңберінде өнеркәсіптік ынтымақтастықтың бағыттары мен құралдары, механизмдары бойынша мәселелер қаралған, Консалтингтік комитеттің 11-ші мәжілісі ұштастырылды.

2016 жылдың 5 қазанында «ҚИДИ» АҚ қызметкерлері, ҚР индустриялық-инновациялық дамуы шеңберінде ықтимал ынтымақтастық мәселелері талқыланды, Фраунгофер атындағы Институттың өкілдерімен кездесуге қатысты. Осы кеңестің нәтижесі бойынша қазақстандық өндірістерге жаңа өнеркәсіптік революцияның элементтерін енгізу бойынша Фраунгофер атындағы Институттың ұсыныстарын қалыптастыру, осы ақпаратты ірі отандық кәсіпорындарға хабардар ету бойынша «ҚИДИ» АҚ жәрдемдесу туралы уағдалыққа қол жеткізілді.

2016 жылдың 11 қазанында Инвестициялар әне даму жөніндегі Бірінші вице-министрінің төрағалығымен «ҚИДИ» АҚ қызметкерлерінің қатысуымен Қытай инженерлік академиясының (бұдан әрі – ҚИА) өкілдерімен Астана қаласында кездесу өтті. Кездесуде екі ел үкіметтерінің арасындағы келісім шеңберінде, бірлескен секторлық зерттеулер жүргізу, Қазақстан және ҚХР 52 бірлескен жобасының қызметін ақпараттық-талдамалық сүйемелдеу мәселелері, сондай-ақ ҚИА мен «ҚИДИ» АҚ арасындағы ынтымақтастық мәселелері талқыланды. Кездесудің нәтижесі

бойынша, тиісті мәселелер мен жобалар туындауына қарай ынтымақтастықтың нақты бағыттарын пысықтауға уағдаластыққа қол жеткізілді.

2016 жылдың қазан айында, қазақстандық делегацияның құрамындағы А.Ж. «ҚИДИ» АҚ Басқармасының мүшелері Құлсейітов және С.Н. Суханов XXIV Дүниежүзілік тау конгресінің (Рио-де-Жанейро қаласы, Бразилия) жұмысына қатысты. Тау-кеншілер съезінің бағдарламасы халықаралық ұйымкомитетінің мәжілісін, конгрестің пленарлық мәжілісін, тау-кен қазу саласының соңғы жетістіктерінің көрмесін, конкурс ғылыми-техникалық жұмыстар мен жобалар конкурсын қамтыды. Қатысушылар пайдалы қазбалардың кенорындарын іздеу, тау және жер асты жұмыстарын жүргізудің, тау кен қазу өнеркәсібінде роботты техника мен инновацияларды автоматтандру және қолданудың көкейтесті мәселелерін қарады.

2016 жылдың 11 қарашасында «ҚИДИ» АҚ кеңсесінде, Қазақстанда тұрақты өкілдігі бар, Азиаттық даму банкінің (АДБ) өкілдерімен көзесу өтті. Кездесуде қызмет көрсету секторларын дамыту және экономиканы әртараптандыруға жәрдемдесу мүмкіндіктеріне шоғырланған, ҚР-да елдік диагностикалық зерттеулерді әзірлеу жоспары шеңберінде мәселелер, сондай-ақ ҚР өнеркәсіптік саясатының мәселелері талқыланды;

2) «ҚИДИ» АҚ әлеуетті серіктестерін, сондай –ақ консалтингтік қызметтердің тұтынушы-клиенттерін тұрақты іздеу жүйесін енгізу, жетекші сараптамалық ұйым ретінде имиджін жылжыту шеңберінде, «ҚИДИ» АҚ «Қазақстан Республикасында кабельдік өнім нарығын дамыту» және «Қазақстанның болат өнімдерін зерттеу» тақырыбында ақпараттық-талдамалық қызметтер көрсетуге қытай компаниясымен екі шарт жасалды.

Осы жұмыс шеңберінде «ҚИДИ» АҚ кабельдік өнім өндірісін дамытуды зерттеу, сыртқы экономикалық қызметтің серпіні және кабельдік өнімдерді өндіру бойынша жаңа зауыт салу үшін орналастырудың ықтимал орындарының артықшылығын салыстырмалы талдау негізінде, еркін экономикалық аймақ пен индустриялық аймақтың аумағында кабельдік өнімнің жаңа өндірісін орналастыру шарттарын салыстырмалы талдау жүргізілді, сондай-ақ талдау жалпы болат өнімдерінің нарығы бойынша, ҚР өндіріс көлемінің серпінін көрсете отырып, ұсынылды.

Сонымен қатар, «ҚИДИ» АҚ консалтингтік қызметтерінің әлеуетті серіктестері мен тұтынушыларын іздеу бойынша стратегиялық тапсырманы іске асыру және жетекші экспорттық ұйым ретінде «ҚИДИ» АҚ имиджін жылжыту шеңберінде «ҚИДИ» АҚ ЕАЭО кіретін ұйымдармен және ҚР ұйымдарымен шарттар жасады.

Беларустік серіктестермен жасалған шарт шеңберінде, «ҚИДИ» АҚ өңдеу өнеркәсібінің салалары және өнім түрлері бойынша ЕАЭО мүше мемлекеттердің өндірістік көрсеткіштеріне талдау жүргізді. Өндірістік қуаттың жай-күйін және олардың жүктеме деңгейін бағалау, ЕАЭО мүше

мемлекеттердегі өңдеу өнеркәсібінің өнімдерін экспорттық және импорттық жеткізуді талдау жүргізілді. ЕАЭО мүше мемлекеттердің өңдеу өнеркәсібі өнімдерінің жалпы нарығының болжамалы есептеу нұсқалары әзірленді.

ЕАЭО мүше мемлекеттердің өңдеу өнеркәсібі өнімдерінің нарығын кедендік-тарифтік қорғаудың бар деңгейіне талдау жүргізілді.

Ресейлік серіктестермен жасалған шарт шеңберінде, «ҚИДИ» АҚ ЕАЭО мүше мемлекеттердегі жүйе құрушы кәсіпорындарды анықтаудың бар тәжірибесіне талдау жүргізді. Мониторинг жүргізу мақсатында, оларды жүйе құрушы кәсіпорындардың тізбесіне енгізу үшін жүйе құрушы кәсіпорындарды таңдаудың көрнекілігін негіздеу, сондай-ақ ЕАЭО мүше мемлекеттердің уәкілетті органдамен өзара іс-қимыл жасауға ЕАЭО мүше мемлекеттердің жүйе құрушы кәсіпорындарының ЕЭК жыл сайынғы мониторингін жүргізу тәртібі бойынша ұсыныстар берілді.

Сонымен қатар, «ҚИДИ» АҚ химиялық өнеркәсібін дамыту шеңберінде секторлар тұрғысында Қазақстанның, ЕАЭО елдердің химиялық өнеркәсібінің ағымдағы жағдайы туралы талдамалық ақпарат дайындау бойынша жұмыс жүргізілді, кәсіпорындардың бәсекелік артықшылықтары, өндіруге ықтимал тауарлардың тізімі, сондай-ақ саланы мемлекеттік қолдау шаралары туралы ақпарат айқындалды.

ҚР кәсіпкерлерін мемлекеттік қолдаудың барлық қолданыстағы шаралары бойынша мәніне қарай мынадай бағыттар бойынша талдау жүргізілді: инвестицияларды тарту (инвестициялық артықшылықтар, инвесторларды қолдау), инновацияны дамыту (инновациялық гранттар беру), экспортты ынталандыру (отандық өңделген тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді дамыту мен жылжыту бойынша қолдау), ШОБ дамыту, қаржылық қолдау құралдары (несие беру, жобалық қаржыландыру, лизинг, ішкі нарықтағы қолдау және басқа маңызды қолдау шаралары). Бұдан басқа, «ҚИДИ» АҚ даму бағыттары мен институттары бойынша ИИДМБ өзекті ету шеңберінде мемлекеттік қолдау шараларының жаңа бағыттарын қарастырды.

3.3.3. Статистикалық деректерді жинау, сақтау және өңдеу бойынша ақпараттық-талдамалық жүйе құру

3 «Ішкі құзыреттерді жақсарту және сапалы жұмыстар мен қызметтер көрсету арқылы «ҚИДИ» АҚ тиімділігін тұрақты арттыру» стратегиялық бағыттың 3 «Статистикалық деректерді жинау, сақтау және өңдеу бойынша ақпараттық-талдамалық жүйе құру» міндетін іске асыру шеңберінде, «ҚИДИ» АҚ 2016 жылы статистикалық деректерді жинау және өңдеу процестерін автоматтандыру және бірыңғай сақтау орнына агрегаттау мақсатында, автоматтандырылған жүйелер және ақпараттық технологиялар саласындағы заманауи шешімдер арқылы ҚР-дағы өнеркәсіпті дамыту

бойынша статистикалық деректерді жинау, өңдеу және талдау бойынша құрал құру бөлігінде жұмыс басталды. Атап айтқанда, ақпараттық-талдамалық жүйенің функционалы мен деректеріне қойылатын негізгі талаптар анықталды.

Жалпы техникалық іске асыру және жүйені енгізу екі кезеңде жоспарланады, бірінші кезең – ҚР және әлемнің қалған елдерінің (сыртқы деректер көзін қосу) өнеркәсіпті дамытудың негізгі көрсеткіштері бар жүйені құру, екінші кезең – өнеркәсіп және жүйені коммерцияландыру бағытындағы жұмыс бойынша барлық көрсеткіштерді қамту жолымен жүйені одан әрі дамыту.

Бірінші кезеңнің нәтижесі бойынша «ҚИДИ» АҚ жабдықтарына платформаны, көші-қонды әзірлеу және күйге келтіру бойынша жұмыстар аяқталды. Платформа және статистика әкімшілерін оқыту жүргізілді, «ҚИДИ» АҚ қызметкерлері үшін платформаны пайдаланушылар үшін көрсету жүргізілді, сондай-ақ тарихи деректердің бағыты бойынша жұмыстар жүргізілуде. Платформаны тәжірибелі пайдалануға қосу 2017 жылға жоспарланды.

2016 жылы статистикалық деректерді жинау, сақтау және өңдеу бойынша ақпараттық-талдамалық жүйені автоматтандыруға жоспарланатын көрсеткіштердің саны 14 көрсеткішті құрады, «ҚИДИ» АҚ стратегиялық көрсеткіштеріне сәйкес 2019 жылға көрсеткіштер санын 25 көрсеткішке дейін ұлғайту жоспарлануда.

Сенімді статистикалық деректермен уақытыл қамтамасыз ету мақсатында қазақстандық және халықаралық статистикалық және ақпараттық ұйымдарымен ынтымақтастық жолға қойылды. «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Ақпараттық-есептеу орталығы» ШЖҚ РМК-мен, сондай-ақ «Белстат ақпараттық-есептеу орталығымен» (Беларусь Республикасы) статистикалық ақпаратты ұсынуға шарт жасалды.

Сонымен қатар 2016 жылдың ішінде мынадай халықаралық ұйымдардың ақпараттық ресурстарына қолжетімділік қамтамасыз етілді:

- Өнеркәсіптік даму жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы (UNIDO);
- Bloomberg Finance агентсітігі;
- РиаРейтинг (Салалық аналитикалық бюллетень);
- Argus компаниясы;
- ТМД СтатКомитеті.

3.3.4. «ҚИДИ» АҚ имиджі мен танымалдылығын арттыру

3 «Ішкі құзыреттерін жақсарту және сапалы жұмыстар мен қызметтер көрсету арқылы «ҚИДИ» АҚ тиімділігін тұрақты арттыру» стратегиялық бағытының 4 «ҚИДИ» АҚ имиджі мен танымалдылығын арттыру» міндетін

іске асыру шеңберінде «ҚИДИ» АҚ ақпараттық-имидждік жұмысы «ҚИДИ» АҚ Медиа-жоспары мен PR-стратегиясына сәйкес жүзеге асырылды.

Басқарманың 2016 жылғы 29 сәуірдегі (№12 хаттама) шешімімен бекітілген, 2016-2017 жылдарға арналған «ҚИДИ» АҚ PR-стратегиясы (бұдан әрі – PR-стратегия) «ҚИДИ» АҚ мақсатты аудиториясы мен қызметтер көрсететін әлеуетті тапсырыс берушілерінің арасында «ҚИДИ» АҚ танымалдылығын арттыру және беделін қалыптастыру бойынша негізгі бағыттарын анықтау мақсатында әзірленді.

PR-стратегияның негізгі мақсаты өз саласындағы сарапшы ретінде тұрақты жақсы атағымен «ҚИДИ» АҚ біртұтас брендін қалыптастыру және жылжыту болып табылады.

«ҚИДИ» АҚ Басқармасы төрағасының 2016 жылғы 4 мамырдағы бұйрығымен бекітілген, 2016 жылға арналған Медиа-жоспарында «ҚИДИ» АҚ ұйымдастырушылық және ақпараттық жұмысы бойынша негізгі іс-шаралар атап көрсетілді.

Сонымен, 2016 жылғы ақпан айында «ҚИДИ» АҚ стратегиялық бағыттарын дамыту мақсаттарына қол жеткізу шеңберінде сайт ребрендингі өткізілді – өзіне сайттың құрылымын, көрнекі безендірілуі мен мазмұнды бөлігін өзгерту жөніндегі іс-шаралар кешенін қамтитын, «ҚИДИ» АҚ жаңа ресми сайты www.kidi.gov.kz (бұдан әрі – сайт) іске қосылды.


Өткізілген ребрендингке байланысты сайтты пайдаланушылардың саны» 54 450 пайдаланушыға дейін, 2015 жылмен салыстырғанда 30 244 пайдаланушыға (125%) өсті.

Сайт жұмысының барлық кезеңі бойынша (2013-2016 жж.) пайдаланушылар санының барлығы **108 073 пайдаланушыны** құрады.

Жылдар бойынша сайтқа кіру статистикасы суретте көрсетілген.

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

2013-2016 жж. қорытындысы бойынша сайтты пайдаланушылардың саны



Дереккөзі: GoogleAnalytics

4 «ҚИДИ» АҚ имиджі мен танымалдығын арттыру» стратегиялық міндетті іске асыру мақсатында күнделікті негізде Facebook әлеуметтік желісіндегі «ҚИДИ» АҚ ресми парағына жазылушылардың саны бойынша материалдар, жаңалықтарды, мақалаларды, баспасөз-анонстар мен баспасөз релиздерін әлеуметтік желіге орналастыру жұмысы жүргізіледі.

«Қазақстандық индустрия дамыту институты» АҚ-ның қызметі туралы
2016 жылғы есеп

(Handwritten signatures)

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Facebook әлеуметтік желісіндегі «ҚИДИ» АҚ ресми парағына жазылушылардың саны (парақшадағы «ұнайды» деген белгі) 1211 жазылушыны құрады.

Сонымен қатар PR-стратегиясы және Медиа-жоспары аясында бұқаралық ақпарат құралдарында (бұдан әрі – БАҚ) және «ҚИДИ» АҚ-ның сайтында мына төмендегілер жарияланды:

- 61 – қазақстандық жаналықтар;
- 46 – әлемдік жаналықтар;
- 92 – корпоративтік жаналықтар;
- 51 – ұсынылған жаналықтар.

2016 жылда «ҚИДИ» АҚ-ның сайтына өнеркәсіп саласы бойынша 72 дайджест, ИИДМБ бойынша 12 дайджест, интеграциялық үдерістер бойынша 8 дайджест, ақпараттық графиктер және металл бағасын белгілеу түрінде 80-ге жуық тимесседжей.

Сонымен қатар, Медиа-жоспарды іске асыру шеңберінде 2016 жылы «ҚИДИ» АҚ ақпараттық-имидждік жұмысы бойынша мынадай іс-шаралар өткізілді:

– «Хабар», «Қазақстан», «НТВ», «СТВ», «KazakhTV» телеканалдарында 11 сұхбат жазылған;

– қазақстандық ақпараттық агенттіктер мен баспасөз басылымдарында «ҚИДИ» АҚ қызметі туралы 10 мақала жарияланған;

– «Өнімділік 2020» бағыты бойынша қазақстандық ақпараттық агенттіктер мен баспасөз басылымдарында 8 мақала жарияланған;

– еңбек өнімділігі бойынша Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның қорытындысы бойынша қазақстандық ақпараттық агенттіктер мен баспасөз басылымдарында 8 мақала жарияланған;



– шетелдік басылымдарда 3 мақала жарияланған, оның бір жарияланым «Өндірістік фарацевтік өсуі» тақырыбында (автор – Салалық талдау орталығының сарапшысы А. Адахаев) «GMP жаңалықтары» деген Чеш басылымында және екі жарияланым «Машина жасау және электр жабдығының өндірісі» тақырыбында (автор – Салалық талдау орталығының сарапшысы Д. Диханбаев) «Заманауи машина жасау» деген Ресей басылымында.

– «ҚИДИ» АҚ Басқармасының төрағасы А.Ж. Құлсейітов спикері болған, «SagarTime» пікірталас клубының мәжілісі өткізілді;

– Бағдарлама шеңберінде мемлекеттік қолдау шаралары туралы «Өнімділік 2020» бағыты бойынша Орталық коммуникация қызметінде (ОКҚ) 2 брифинг жүргізілді;

– «Өнімділік 2020» бағыты шеңберінде мемлекеттік қолдау шараларын алған Астана қаласының үш кәсіпорны бойынша баспасөз туры өткізілді;

– ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған индустрияландыру туралы деректі фильміне «СТВ» телеарнасында «ҚИДИ» АҚ Басқармасының төрағасымен сұхбат жазылды;

– «ҚИДИ» АҚ қызметкерлері «Қазақстан» телеарнасындағы «Білгірлер бәйгесі» ойынына қатысты.

Бұдан басқа, «Өнімділік 2020» (Индустрия 4.0) бағдарламасын жетілдіру» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді, оның аясында заманауи технологияларды енгізу бойынша нақты және ықтимал проблемалар және елдегі еңбек өнімділігін арттыруды ынталандыру жүйесіндегі Индустрии 4.0. рөлі талқыланды.

Сонымен қатар, Қазақстанның өңірлерінде, Астана және Алматы қалаларында ақпараттық-таныстыру және консультациялық кездесулер өткізілді, кластерлік даму саясатын іске асыруға арналған. ҚР 264 кәсіпорындары мен бизнес-қауымдастықтарымен консультациялық кездесулер өткізілді.

«Өнімділік 2020» бағыты шеңберінде 23 көшпелі семинар-кеңесі, Қазақстанның өнеркәсіптік кәсіпорындарының өкілдерімен 203 кездесу өткізілді, 162 консультация ұсынылды, өңірлерде КҚО қызметкерлерін оқытумен 15 кездесу өткізілді.

2016 жылдың 15 қыркүйегінде Астана қаласында «Қазақстанның өнеркәсіптік саясаты: еңбек өнімділігін ұлғайту жолымен экономиканың басым секторларындағы өнеркәсіптік кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру» тақырыбында V халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы өткізілді.

IV. Қаржы-шаруашылық қызметін талдау

4.1. 2016 жылғы қаржы көрсеткіштері

«ҚИДИ» АҚ қаржы-шаруашылық қызметінің 2016 жылғы нәтижелері бойынша пайда **69270** мың теңгені құрады, қаржы-шаруашылық қызметінің 2015 жылғы нәтижелерімен салыстырғанда (75035 мың теңге), пайда 7,7%-ға азайды.

«ҚИДИ» АҚ 2016 жылғы **кірістері 1 080 220** мың теңгені құрады, оның ішінде: негізгі қызметтен түскен кіріс– 1 023 846 мың теңге, банк сыйақылары бойынша кірістер – 28 852 мың теңге, басқа да кірістер – 27 522 мың теңге. 2015 жылмен салыстырғанда, «ҚИДИ» АҚ кірістері 4,5%-ға азайды.

Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарды есепке ала отырып есепті кезең үшін «ҚИДИ» АҚ **шығыстары барлығы 1 010 950** мың теңге. Сатылған өнімнің өзіндік құны 785 200 мың теңгені құрады. Әкімшілік шығыстар – 209 096 мың теңге, басқа да шығыстар – 1 071 мың теңге, корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар– 15 583 мың теңге. «ҚИДИ» АҚ шығындарының негізгі баптары аутсорсинг бойынша көрсетілетін қызметке, еңбекақы төлеуге, үй-жайларды жалға алуға, салық

және басқа шығыстарға жұмсалған шығындар болып табылады. 2015 жылмен салыстырғанда, «ҚИДИ» АҚ шығыстары 4,3%-ға азайды.

2016 жылдың 31 желтоқсанына «ҚИДИ» АҚ активтері 380 942 мың теңгені құрады. Ақшалай қаражат 263 830 мың теңгені, қорлар – 1 605 мың теңгені және басқа да қысқа мерзімді активтер 66 464 мың теңгені құрады.

Негізгі құралдардың баланстық құны 22 306 мың теңгені, материалдық емес активтер – 13 332 мың теңгені, кейінге қалдырылған салықтық активтер – 13 405 мың теңгені құрады.

«ҚИДИ» АҚ жарғылық капиталы 100 000 мың теңгені құрайды және бағасы 1 дана үшін 1 000 теңге бойынша 100 000 дана қарапайым акцияларға ақы төлеу есебінен қалыптастырылды.

2016 жылғы 31 желтоқсанда жеке капитал 216 326 мың теңгені құрады.

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ҚИДИ» АҚ міндеттемелері барлығы 164 616 мың теңгені құрады. Кредиторлық берешек 1 895 мың теңгені, қысқа мерзімді резервтер және салықтар бойынша берешек – 162 721 мың теңгені құрады.

2015 жылмен салыстырғандағы 2016 жылғы қаржы көрсеткіштері

Көрсеткіштер	мың теңгеде			
	2015 жылғы факт	2016 жылғы факт	2016 жылғы факт	Ауытқу Факт – жоспар 2016 жыл
Кірістер, оның ішінде барлығы:	1 131 607	1 308 032	1 080 220	- 227 812
Өнімдерді сатудан және қызмет көрсетуден алынатын кіріс	1 113 610	1 303 282	1 023 846	- 279 436
Басқа да кірістер	17 997	4 750	56 374	51 624
Шығыстар, оның ішінде барлығы:	1 024 126	1 275 713	995 367	- 280 346
Сатылған өнімнің және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	815 961	1 060 769	785 200	- 275 569
Әкімшілік шығыстар	206 222	214 944	209 096	- 5 848
Мүлікті өткізу бойынша шығыстар	-	-	-	-
Қаржыландыруға арналған шығыстар	-	-	-	-
Басқа да шығыстар	1 943	-	1 071	1 071
Салық салғанға дейінгі пайда	107 481	32 319	84 853	52 534
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	32 446	13 219	15 583	2 364
Кезең үшін қорытынды пайда (залал)	75 035	19 100	69 270	50 170

4.2. «ҚИДИ» АҚ қызметінің негізгі түрлері бойынша жасалған шарттар бойынша ақпарат

2016 жылғы қорытынды бойынша «ҚИДИ» АҚ ҚР ИДМ-мен жалпы сомасы - 1 118,5 млн. теңгеге шарттар жасалды, ҚР ИДМ қызметтер

көрсетуіне байланысты емесе тартылған шарттар сомасы – **46,473 млн. теңгені** құрайды.

4.3. 2016 жылғы бөлінген пайда және «ҚИДИ» АҚ акцияларының мемлекеттік пакетіне дивидендтер төлеу бойынша ақпарат

Жалғыз акционердің 2017 жылғы 14 сәуірдегі (№203 бұйрық) шешімі бойынша «ҚИДИ» АҚ 2016жылғы таза табысы **69 270 мың теңгені** құрады, ол мына төмендегідей бөлінген:

- таза табыстың **58,98%** құрайтын, **40 857 мың теңге** мөлшеріндегі сомасы «ҚИДИ» АҚ акцияларының мемлекеттік пакетке шақандағы дивидендтерді төлеуге жіберілді;

- таза табыстың **41,02%** құрайтын, **28 413 мың теңге** мөлшеріндегі сомасы «ҚИДИ» АҚ дамуына жіберілді.

**«Қазақстандық индустрия
дамыту институты» АҚ
Басқармасының төрағасы**



А. Құлсейітов

